Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№23 (1026)

11.06.2021

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ТАБЫС КӨЗІ

ҮШ МЫҢ ОРЫНДЫҚ ШЫҒАРАТЫН ЖИҺАЗ ЦЕХЫ

Алматы облысында кәсіпкер орындықтар өндірісін жолға қойды. Мемлекеттік қолдаудың арқасында ашылған жиһаз цехы ай сайын үш мыңға дейін орындық шығарады.

Іле ауданының тұрғыны Тілек Әділхат «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздері жобасының арқасында кәсіпкер атанды. Ол ұзақ уақыттан бері жиһаз жасап, оны базарда сатып келген.

Оның сөзінше, 2018 жылы Алматы облысының Кәсіпкерлер палатасы арқылы «Бастау Бизнес» жобасы бойынша оқуға жазылды. Курс аяқталған соң «Жас кәсіпкер» бағдарламасы бойынша 505 мың теңге көлемінде грант алды. Ал өткен жылы жиһаз өндіретін цехты дамыту үшін Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры арқылы 6млн. теңге көлемінде несиеге қол жеткізген.

«Бизнесті бастаған кезде үш апта бойы қызметкерлерді оқытып, тегін шеберлік сабақтарын өткіздім. Қазір өз командамды жасақтадым. Біз күн сайын үйге арналған 100 орындық жасаймыз. Отандық өнімнің басты артықшылығы сапасы мен бағасында. Шетелдің орындықтарына қарағанда құны төмен. Осының арқасында көтерме тапсырыс берушілеріміз бар», – дейді кәсіпкер.

Жиһаз цехы Іле ауданының Жетіген ауылында орналасқан. Өнімдер аудан ішінде және Алматы қаласының базарларында сатылады. Бүгін-де кәсіпкер жиһаз түрін ұлғайтып, жаңа станоктар сатып алу арқылы цехты кеңейтуді жоспарлауда.

Айта кетейік, өткен жылы аймақ бойынша «Бастау Бизнес» аясында 3022 қатысушы кәсіпкерлік негіздеріне оқытылып, 2 мыңнан астам жоба жалпы сомасы 1,8 млрд теңгеге қаржыландырылды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

БАСПАСӨЗ - 2021

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне II жарты жылдыққа жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
6 айға – 1820 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
6 айға – 2235,25 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
6 айға – 2350,40 теңге.

Полугодовая подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
6 месяцев – 1820 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
6 месяцев – 2235,25 тенге.
для сельского населения
6 месяцев – 2350,40 тенге.

Индексі: 15534

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҰЛТТЫҚ ХАЛЫҚ САНАҒЫ

Биыл 1 қыркүйек пен 30 қазан аралығында Қазақстан Республикасы халқының Ұлттық санағы өтеді. 2021 жылғы халық санағының басты жаңалығы – заманауи цифрлық технологияларды еңгізу және процесті автоматтандыру. Енді Қазақстан тұрғындары туралы деректерді жинау екі жолмен жүргізіледі: онлайн және офлайн форматтарында.

ҰПАЙ ТҮГЕНДЕЛЕТІН ТАРИХИ СӘТ

1-30-шы маусым аралығында Ұлттық халық санағының бірінші кезеңі басталды. Бұл кезеңде аудандарға бөлу жұмыстары жүргізіледі, тұрғын үйлерді және тұрғын емес үй-жайларды аралау және тұратын халық санын нақтылау. Дайындыққа облыс бойынша 821 адам жұмылдырылды. Интервьюерлердің өздерімен бірге арнайы куәлігі, халық санағы логотипі белгісімен портфель және планшеттері бар.

2021 жылдың 1-ші қыркүйек айынан арнайы мамандырылған sanag.gov.kz. платформасы іске қосылады. 15 қазанға дейін қазақстандықтар өзін және отбасы мүшелері үшін онлайн форматта сауалнама беттерін толтырып, санаққа өз бетінше осы платформада қатыса алады. Сондай ақ, осы платформаға Egov.kz электрондық Үкімет порталы арқылы кіруге болады.

2021 жылдың 1-30 қазан аралығында дәстүрлі үй-үйді аралау кезінде онлайн-форматта санаққа қатыспағандардан ақпарат жинағын алу үшін сұхбаттасушының ЖСН–ін қолданып, интервьюерлер «Ұлттық санақ» Ақпараттық жүйесі қосылған планшеттері арқылы санақ жүргізеді.

Халық санағы кезінде азаматтар сұрақтарын төлемақысыз бірыңғай call-центр 1446 және **8 8000 800 878** нөмірі арқылы сұрақтарын қоя алады.

БІЛІМ

КОЛЛЕДЖДЕРГЕ ЖЕТІ МЫҢНАН АСА АДАМ ҚАБЫЛДАНАДЫ

Облыста 76 кәсіптік білім беретін мекеме бар болса, оның 43-і мемлекеттік мекеме, 4-уі жабық мекемелерде орналасқан, 33-і жекеменшік. Өңірдегі техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары 75 мамандық 133 біліктілік бойынша білім береді. Бұл туралы «JETISÝ MEDIA» ақпараттық алаңында «Колледждерде оқуға үміткерлерді қабылдауды ұйымдастыру» атты тақырыпты арқау еткен жиында Алматы облысы білім басқармасы басшысының орынбасары Айжан Адамбекова мәлім етті.

Басқарма басшысы орынбасарының айтуынша, «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасы аясында 2020-2021 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша колледждерге 7149 адам қабылдау жоспарланса, оның 1535-і «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде оқуға түседі.

«*Жергілікті бюджет есебінен 5614 адам оқуға қабылданады. Оның 3410-ы жұмысшы және 2204-і орта буын мамандықтары бойынша білімін жетілдірмек. Мемлекеттік тапсырыс 47 колледжге орналастырылады, 22-сі орта буын мамандарын даярлайтын болады»,* – деп атап өтті Айжан Маманқызы

Айта кетейік, ҚР Білім және ғылым министірлігі колледждерге түсуші үміткерлерге арнап арнайы квота бөлген. Тарқатып айтсақ: I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар арасынан шыққан азаматтар үшін-1 пайыз; жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерге теңестірілген адамдар үшін – 0,5 пайыз; ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтарға ауыл жастары арасынан шыққан азаматтар үшін - 30 пайыз; жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды, сондай-ақ, кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтарына – 1 пайыз; Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударған ауыл жастары арасынан шыққан Қазақстан Республикасының азаматтары үшін – 10 пайыз; төрт және одан да көп кәмелетке толмаған бала тәрбиеленетін отбасылардан шыққан балаларға – 5 пайыз; осы мәртебесі кемінде үш жыл толық емес отбасылар қатарындағы балаларға – 1 пайыз; бала кезінен мүгедек балаларды, бірінші және екінші топтағы мүгедектерді тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балаларға – 1 пайыз жеңілдік қарастырылған.

Орта білім құжаттар күндізгі оқу бөліміне 25 маусым мен 25 тамызға дейін, ал оқудың кешкі және сырттай бөліміне 25 маусымнан 20 қыркүйек аралығында қабылданады.

Колледждерге түсу үшін өтініш беру мемлекеттік қызмет болып табылады. Сондықтан, талапкер немесе оның ата-анасы колледжге немесе «электрондық үкімет» веб-порталына жүгінеді және «техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес құжаттар топтамасын ұсынады.

С. БАЗАРҚҰЛОВА.

РУХАНИЯТ

«БІРТУАР» кітабы жарық көрді

Даңқты спортшы, Мәскеу Олимпиадасының жүлдегері, Қазақстанның Еңбек Ері Жақсылық Үшкемпіровтің өмір жолы туралы жазылған «Біртуар-Уникальный» кітабы оқырманға жол тартты. Кітап авторы жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Сәуле Досжанова бұл романда Жақсылық Үшкемпіровтің балалық шағынан аты аңызға айналған даңқты кезеңіне дейінгі ғибратты ғұмырын арқау еткен. Кітап Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен жарық көрді. Бұл туралы Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Кітаптың Талдықорғандағы Салтанат сарайында өткен тұсаукесеріне облыс әкімі Амандық Баталов, қоғам және мемлекет қайраткері, генерал-полковник Сәт Тоқпақбаев, кітап авторы, жазушы Сәуле Досжанова, Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма төрағасының орынбасары Бауыржан Жақып, Жақсылық Үшкемпіровтің жары Күлпан Мұқашқызы мен ұлдары Елдос пен Жеңіс, бірқатар танымал жаттықтырушылар мен белгілі спортшылар және өңірдегі зиялы қауым өкілдері қатысты.

Алдымен қонақтар Сәуле Досжанның кітаптарынан фойеге қойылған көрмемен танысты. Мұнан соң дөңгелек үстел басында салтанатты жиынды ашқан облыс әкімі Амандық Баталов елжанды азамат, даңқты спортшы Жақсылық Үшкемпіровтің ел спортын дамытуға, туған жерін түлетуге, ауыл шаруашылығын өркендетуге қосқан үлесі туралы қысқаша айтып өтті.

«*Жақсылық Үшкемпіров барша қазақтың Жақсылығы еді, болмысы таза, білекті де, жүректі, бауырмашыл, қарапайым жан еді. Жақсылық ағамызбен мен көп жыл жақын араласып, дос болдым. Олимпиададағы жеңісті жолы, Елбасының қолынан Қазақстанның Еңбек Ері атағын алуы, ауыл шаруашылығында жемісті жұмыс істеп, өңір халқына мейірім-шапағатын тигізгені – осының бәрін біз жастарға үлгі етуіміз керек. Жазушы Сәуле Досжанның Жақсылық ағамыз туралы жазған кітабына қолдау жасап, бүгін тұсаукесерін өткізіп отырмыз. Шараға Үшкемпіровтер отбасынан жары, балалары қатысып отыр. Бүгінде Елдос әкесінің ізін басып, облыстың қоғамдық өміріне белсене араласып келеді. Жақсылық Үшкемпіровтің спорттағы жолын жалғайтын өрендерді тәрбиелеуге де бар жағдай жасап келеміз. Елбасының тапсырмасымен облыста 16 спорт кешенін салдық*», – деп атап өтті А. Баталов. Сондай-ақ, облыс әкімі өз сөзінде әйгілі спортшының есімін облыстық балалар мен жасөспірімдер мектеп-интернат колледжіне беру жұмыстары жүріп жатқанын да атап өтті.

Мұнан соң сөз алған мемлекет және қоғам қайраткері, генерал-полковник Сәт Тоқпақбаев биыл ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы екенін, соның аясында дарабоз спортшының ғибратты ғұмырын кітап етіп шығарудың маңызы зор екенін айтты.

Жақсылық Үшкемпіровтың жары Күлпан Мұқашқызы жазушы Сәуле Досжановаға, шығармаға қолдау танытқан облыс басшылығына ризашылығын жеткізді. Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма төрағасының орынбасары Бауыржан Жақып биылғы Балалар әдебиетін қолдау жылында осындай тағылымды дүние жазған қаламгердің, кітаптың жарық көруіне жәрдемдескен облыстың ісі өзгелерге үлгі боларлық екенін айтты. Сол сияқты Ж.Үшкемпіровтің досы Нұрмахан Қаратаев спортшының адамгершілік, ізгілік қасиеттеріне тоқталды. Ғалым, филология ғылымының докторы Айгүл Ісмақова жаңа туындының балалар әдебиетіне қосылған сүбелі үлес екенін жеткізді. Кітаптың тұсауы кесіліп, оқырмандарға жол тартты.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ

826 МЫҢ ДАНА «СИВЕРС» АЛМАСЫ ОТЫРҒЫЗЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырамсына сәйкес, мемлекеттік орман қоры аумағында 2 млрд. ағаш отырғызу жөніндегі жұмыстар өңірде қарқынды жүзеге асуда.

Бұл мақсатта Алматы облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы Алматы облысы әкімдігімен және табиғат қорғау мекемелерімен бірлесе 2021-2025 жылдар аралығындағы Алматы облысының ормандарын молайту және орман өсіру көлемін ұлғайту бойынша кешенді жоспарын әзірледі. Аталған жоспарға сәйкес бес жылда 83 млн. ағаштың 71 млн. данасын тұқым себу 12 млн. данасын көшет отырғызу арқылы жобаланған.

Тарқатып айтсақ, 3 млн. 193 мың дана шренк шыршасы, 308 мың қарағай, 237,3 мың терек, 95 мың қайың, 4 млн. 544 мың қарағаш, 621,4 мың жиде, 234,2 мың тал, 540,83 мың дана өрік пен қызыл кітапқа енген «Сиверс» алмасынан 826 мың сондай-ақ сексеуілдің 71 млн. данасы отырғызылады деп көзделген.

Алматы облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының басшысы Нұрқуат Қонысбаевтың сөзінше, облыс аумағында Мемлекет басшысының орман қоры жерінде 2 млрд. ағаш отырғызу туралы тапсырмасына орай облыс әкімдігіне қарасты 14 орман шаруашылығы КММ, 3 МҰТП, 1 МТР, 1 МДП және 1 Селекциалық-тұқым өсіру орталығы іске асырмақшы. Жоғарыда аталған мекемелерде орманды молықтыру жұмыстарын орындауға қажетті стандартты отырғызу материалдарымен қамтамасыз ететін 30 дана орман тұқымдық бақтары бар.

Бес жылда жобаны қаржыландыруға жобалау-іздестіру жұмыстарына республикалық бюджеттен 1 млрд. 78 тыс. теңге бөлу, жергілікті бюджеттен ағаш отырғызу көлемін орындауға және талапқа сай келетін техника мен құралдар алуға – 3 млрд. 330 млн. тенге бөлу қарастырылыпты. Бөлінген қаржы есебінен 31 арнайы авто техника, өндірістік мақсаттағы құрал-жабдықтар алу жоспарланған.

Өңірдегі мемлекеттік орман қоры жерлерінің жалпы аумағы 5,4 млн. га құрайды. Бұл облыстың 24,1 пайызын қамтиды. Орманмен көмкерілген жер көлемі 2 млн. га. Облыс аумағының ормандылығы 8,3 пайыз. Орманды жерлердің басым бөлігі Кеген және Балқаш аудандары аумағына тиесілі.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

НОТАРИАТ

ВЫДЕЛЕНИЕ ДОЛИ УМЕРШЕГО СУПРУГА

Согласно статье 32 и 33 Кодекса Республики Казахстан «О браке (супружестве) и семье» Законным режимом имущества супругов является режим их общей совместной собственности, если брачным договором не установлено иное. Имущество, нажитое супругами во время брака (супружества), является их общей совместной собственностью. Что относится к имуществу за супругами во время брака?

Это: суммы доходов от трудовой, предпринимательской деятельности и результатов интеллектуальной деятельности.Кроме того, общим имуществом супругов является также приобретенные за счет суммы общих доходов супругов движимое и недвижимое имущество, ценные бумаги, паи, вклады, доли в капитале, внесенные кредитные организации или иные организации, и любое другое нажитое супругами в период брака имущество независимо от того, на чье имя в семье оно приобретено либо кем из супругов внесены денежные средства. Смерть одного из супругов, является основанием для определения его доли в собственности и раздела общего имущества либо выдела из него доли умершего супруга (супруги) в порядке, установленном статьей 218 ГК РК.

В этом случае наследство открывается на долю умершего в общем имуществе. По заявлению пережившего супруга либо его наследников нотариусом, по месту открытия наследства, может быть выдано свидетельство о праве собственности на долю умершего супруга в общем имуществе, нажитом во время брака. В заявлении обязательно констатируется отсутствие заключенного супругами при жизни брачного договора, изменившего правовой режим имущества. Право обращения на выдачу такого свидетельства о праве собственности на долю умершего возможна только с согласия пережившего супруга.

В случае не достижения согласия в выдаче такого свидетельства нотариус разъясняет порядок обращения в суд, а в случае смерти обоих супругов-выделдоли супругов решается в судебном порядке. Выдача нотариусом свидетельств о праве собственности на долю в общем имуществе супругов в случае смерти одного из них производится в соответствии со ст. 74 Закона РК «О нотариате» с соблюдением положений ст.223 ГК РК и ст. ст. 33-36 КОБС.

Выдать свидетельство о праве собственности только со слов наследников и лица, считающего себя пережившим супругом, нельзя. На основании статьи 223 ГК РК имущество, нажитое супругами во время брака, является их совместной собственностью, если договором между ними не установлен иной режим этого имущества. Из приведенной нормы следует, что совместная собственность супругов возникает в силу прямого указания закона.

Если супруги при жизни не заключили брачный договор, то имущество, приобретенное ими в период брака на совместные средства, поступает в их совместную собственность, независимо от того, на чье имя оно приобретено и зарегистрировано, в соответствии с п. 2 статьи 221 ГК РК при разделе общего имущества и выделе из него доли, если иное не предусмотрено законодательными актами или соглашением участников, их доли признаются равными.

Таким образом, собственность умершего супруга объективно существует, доли супругов признаются равными, и эту презумпцию нотариус не вправе подвергать сомнению. Исключая долю умершего супруга в праве общей собственности на имущество, зарегистрированное на имя пережившего супруга, хотя бы и с согласия пережившего супруга, либо наследников, не может быть признано законным.

Арман БЕКІШБАЕВ,
Член правления нотариальной палаты Алматинской области, нотариус города Талдыкорган.

ВЗЫСКАНИЕ БЕССПОРНОЙ ЗАДОЛЖЕННОСТИ ПОСРЕДСТВОМ СОВЕРШЕНИЯ ИСПОЛНИТЕЛЬНОЙ НАДПИСИ НОТАРИУСА

Главой 14-1 Закона Республики Казахстан «О нотариате» установлена норма совершения исполнительных надписей.

Исполнительной надписью является действиенотариуса по подтверждению наличия у должника бесспорной задолженности перед кредитором, в результате которого делается соответствующая надпись, обязующая должника погасить свой долг в принудительном порядке и имеющая силу полноценного исполнительного документа.

Ко всему этому, исполнительная надпись представляет собой распоряжение нотариуса о взыскании с должника причитающейся взыскателю определенной денежной суммы или истребовании иного движимого имущества.

Сторонами исполнительной надписи являются:

взыскатель – лицо, в интересах которого совершается исполнительная надпись,

должник – лицо, с которого предлагается взыскать определенную сумму денег или истребовать иное движимое имущества на основании исполнительной надписи.

Вопрос внесудебного порядка разрешения споров приобретает всё большую актуальность,именно поэтому нотариусы Республики Казахстан своевременно уполномочены совершать исполнительные надписи на документах, устанавливающих задолженность.

Другими словами, на сегодняшний день, стало возможным решить спор о взыскании долга в разы быстрее, чем через судебные органы. Рационально используя свое личное время, не тратив его на судебные заседания, ожидания вступления судебного акта в законную силу, можно получить исполнительный документ у нотариуса, разумеется при соблюдении установленных Законом требований.

Стоимость совершения исполнительной надписи в текущем 2021 году составляет:

Для физических лиц – 0,2 процента от взыскиваемой суммы или рыночной стоимости истребуемого иного движимого имущества, но не менее 0,5 месячного расчетного показателя (далее по тексту - МРП) и не более 50 МРП;

Для юридических лиц - 1 процент от взыскиваемой суммы или рыночной стоимостиистребуемого иного движимого имущества, но не менее 1 МРП, и не более 100 МРП;

На основании исполнительной надписи производится взыскание задолженности по следующим бесспорным требованиям, а именно:

- об исполнении обязательства, основанного на нотариально удостоверенной сделке;

- об исполнении обязательства, основанного на письменной сделке, срок исполнения которой наступил и неисполнение обязательства признается должником, в том числе в ответе на претензию, направленную взыскателю в порядке досудебного урегулирования спора;

- об исполнении обязательства, основанного на протесте векселя в неплатеже, неакцепте и недатировании акцепта, совершенном нотариусом;

- об истребовании предмета лизинга в соответствии с договором лизинга или законами Республики Казахстан;

- об обращении взыскания на предмет залога по истечении срока возврата кредита, предъявленного ломбардом к должнику-залогодателю;

- о взыскании задолженности с собственников помещений (квартир), уклоняющихся от участия в обязательных расходах на содержание общего имущества объекта кондоминиума, утвержденных Законом Республики Казахстан «О жилищных отношениях», за исключением требований о взыскании дополнительных расходов;

- о взыскании задолженности на основании публичных договоров за фактически потребленные услуги (электро-, газо-, тепло-, водоснабжение и другие), а также иных договоров за услуги согласно установленным тарифам, срок оплаты по которым наступил;

- о взыскании арендных платежей ввиду их неуплаты в сроки, установленные договором аренды;

- о взыскании начисленных, но не выплаченных работнику заработной платы и иных платежей».

Исполнительная надпись совершается:

- если представленные документы подтверждают бесспорность задолженности или иной ответственности должника перед взыскателем;

- если со дня возникновения права на иск (заявление) прошло не более трех лет.

Восстановление пропущенного срока для предъявления исполнительной надписи производится в соответствии с гражданским процессуальным законодательством РК.

После совершения исполнительной надписи нотариус не позднее следующего рабочего дня вручает или направляет их копию должнику по адресу электронной почты или по известному месту жительства (нахождения) или регистрации должника с использованием средств связи, обеспечивающих фиксирование доставки.

В случае возврата уведомления с отметкой о невозможности его вручения адресату, получателю в связи с отказом в его принятии копия исполнительной надписи считается направленной надлежащим образом.

Должник вправе в течение десяти рабочих дней со дня получения копии исполнительной надписи направить нотариусу, совершившему исполнительную надпись, возражения против заявленного требования в письменном виде с уведомлением.

При чем, возражение должника должно содержать причины несогласия с заявленным требованием.

При поступлении уведомления о вручении копии исполнительной надписи должнику и в случае, если в установленный срок от должника не поступит к нотариусу возражение, нотариус выдает взыскателю исполнительную надпись для предъявления ее к исполнению.

Если нотариус получает возражение против заявленного требования, он со дня получения возражения не позднее трех рабочих дней выносит постановление об отмене исполнительной надписи.

В соответствии с пп.11-1 ст.9 Закона Республики Казахстан «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей» от 02.04.2010г. Исполнительная надпись является исполнительным документом.

Резюмируя вышеизложенное можно с уверенностью сказать, что совершение исполнительной надписи является одним из быстрых и действенных способов разрешения конфликтов в гражданском обороте.

Дастан КУЛЬБЕКОВ,
Нотариус нотариального округа Алматинской области

ПРАЗДНИКИ

ДЕНЬ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СИМВОЛОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

В Алматинском областном историко-краеведческом музее им. М.Тынышпаева в рамках программы «Рухани жаңғыру: болашаққабағдар» организована выставка «Тәуелсіздік тарихына енген есімдер» приуроченная ко Дню Государственных символов Республики Казахстан.

История независимого государства начинается с принятия декларации, государственых символов, а также валюты, гаранта экономической самостоятельности.

Стоит отметить, что флаг и герб отражают идеи суверенитета и независимости, гимн является духовным предвестником этих понятий.

4 июня 1992 года стал первым в истории нашей страны днем утверждения государственных символов - который непосредственно связан с законом«О государственных символах Республики Казахстан», подписанный Первым Президентом Н.А.Назарбаевым. Этот день с 4 июня 2007 года стали отмечать как «День Государственных символов».

Целью выставки является воспитание молодежи в духе патриотизма, консолидации гражданского общества, а также укрепление государственной независимости.

Нурсултан Назарбаев личность, заложившая основы независимого государства и внесшая неоценимый вклад в его процветание. Помимо официальной должности, Нурсултан Назарбаев имеет ряд ученых степеней и званий. Особое место на выставке занимает – профессорская мантия Института менеджмента, бизнеса и права г.Нур Актобе и папка о присвоении данным институтом ученого звания «Почетный профессор» на имя Н.А.Назарбаева.

После обретения республикой государственного суверенитета в 1992 году был объявлен конкурс на музыку и текст гимна Казахстана. В экспозиции материалы одного из победителей данного конкурса, автора музыки первого гимна независимого Казахстана, Народного артиста СССР, композитора Мукана Тулебаева.

В целях придания песне высокого статуса государственного гимна и более торжественного звучания Н.А.Назарбаев обработал первоначальный текст, который был утвержден на совместном заседании Парламента Казахстана. В качестве основы была выбрана популярная среди населения патриотическая песня «Менің Қазақстаным», на музыку Народного артиста Казахстана, композитора Шамши Калдаякова и слова Жумекена Нажимеденова, материалы авторов гимна, представлены на выставке.

Вниманию посетителей бюст и вещи Заслуженного архитектора Казахской ССР, профессора, академика Международной академии архитекторов стран Востока Шот-Аман Идрисовича Уалиханова и материалы известного архитектора Жандарбека Малибекова-авторов государственного герба Республики Казахстан.

Автором государственного флага Казахстана, является знаменитый художник участвовавший в более чем в 50-ти соревнованияхв Казахстане и за рубежом, неоднократно признанного победителем, Шакен Ниязбеков.

Также экспонируются материалы солиста оперы Государственного академического театра оперы и балета им. Абая, Лауреата Государственной премии Республики Казахстан, первого исполнителя Государственного гимна Талгата Кузембаева.

Выставка способствует вырабатывать в подростках активную жизненную позицию, формирует социальные и культурные нормы поведения в обществе, стремление не нарушать морали и права, воспитание любви к Родине, уважение к традициям народа, знание государственных символов РК, истории страны.

Р. ЕСЕНБАЕВА,
старший научный сотрудник Алматинский областной историко-краеведческий музей им. М.Тынышпаева.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨЗЕКЖАРДЫ

«ТІРІГЕ – НАН, ӨЛІГЕ – КЕБІН КЕРЕК»

***«Тіріге – нан, өліге – кебін керек, Кебінді де кім қазір тегін береді?* деп Жандарбек бір айтыста қарсыласы оралдық Бауыржан Шимердиновке айтып еді. Бүгінгі қоғамда тегін еш нәрсе жоқ. Жұтып отырған ауаны да, қаңылтырға салып саудалаған «жұмыртқадан жүн қырыққандардың» заманы бұл. Капитализим дәуірі. Делдалдардың делебесі қозып тұрған мезгіл. Өткен жылы індет өршіп, адамдар қынадай қырылғанда көр қазатындар бағаны көтеріп жіберді. Тіпті көр қазатын адам табылмай, жарнама жасаған күнді ешкім ұмыта қойған жоқ.**

Көр қазғанға 70000, ақымдағанған 80000 дегенде, «өлем десең көмем деген осы ғой» деп жағамызды ұстағанбыз. Биыл да көр қазушылардың дәуірі жүріп тұр. Алыс аймақтарда, елді мекендерде адам жерлеу қанша екенін білмеймін. Талдықорғанда көр қазу 40000 теңге, ақымдау 50000 теңге екен. Қымбатшылық көрге де жетіпті. Жалпы шариғат заңында көр қазғанға, мәйітті жуғанға тиісті ақысын беру көзделген. Бірақ, онда қалаған ақысы төленсін деген шариғи заң жоқ. Бүйректен сирақ шығарып жүрген тірілер ғой сол баяғы. Біздің қозғап отырған тақырыбымыз, көрдің ғана айналасы емес, жалпы қымбатшылық туралы. Бұған дейін де жазғанбыз. Азық-түлік, жанармай, коммуналдық төлемдердің бағасының шарықтағанын айтқанбыз. Енді құрылыс материлдарының бағасы аспандапты. Дүрліккен жұрт. Кебенекке оранған кедейлер кейіп жүрсе, балтырын байпақ қысқан байбағаландардың түкірігі жерге түспей тұр. Тіршіліктен түңілген тірілердің бармақ шайнап, бас шайқағаннан басқа қолынан келер дәрмені жоқ. Жеке меншіктің дәуірі дәрменсізге дәрі болмай тұр. Қыл аяғы қиыршық таспен құм да қымбаттап, дүрліккен жұрт таспен құмға қолдары жетпей, ірі көлемде сатып алып жатқан кәсіпкерлерге налып, карьердің басында ұзын-сонар кезекте тұрғандарын айтқанды. Өндіруші мен алыпсатарлар арасында туындаған жанжал Алматы облысында болған-ды. Осы құммен тасты тасымалдап, күн көріп жүрген камаз жүргізушілерде жұмыссыз қалдық деп ұлардай шулаған-ды. Себеп, қалталы кәсіпкерлер тас-құм шығаратын компаниялардың, карьердегі қиыршық тастарды бірақ сатып алып, Алматы қаласына апарып, екі есе қымбатқа сатуда екенін айтқан көлік жүргізушілері тауып отырған нәпақаларынан қағылғандарын да тілге тиек етті.

Айбек Батырхан: «*Мына жерден, ақшаларын алдымен бергенде құм-шағылды түгелдей сатып алған. Біз сияқты қарапайым жүргізушілерге жұмыс жоқ. Күнімізді осы тас, құм, шағыл тасып көруші едік. Карьердегілер де тауарлардың бағасын негізсіз көтеруде. Мәселен, бір ай бұрын ғана тоннасы 1200 бен 1300 теңге аралығында болған құм мен тас қазір 1600-ге дейін қымбаттады. Соның салдарынан үй салып жатқан жұрт камаз жүргізушілерінен құм мен тасты сатып алудан бас тартуда*».

Ғалым Оспанов: «*Қарапайым халыққа қиын болды. Бәріміз отбасын осы көлікпен асырап отырмыз. Балашаға үшін, 5-10 теңге табайық деп ойласақ, күнделікті баға аспандап барады. Соны қолға алатын құзырлы орындар болса десе, тас-құм шығаратын компаниядағылардың өз уәжі бар. Олар клиенттерді бөліп жармаймыз. Ал бағаны көтеруге мәжбүрміз. Өйткені өндіріс кезінде қолданылатын заттардың бәрі қымбаттады*».

Михаил Гусев, «Кеңтас» ЖШС директоры: «*Қымбатшылық тауарлардың өзіндік құнының көтерілуіне байланысты. Соңғы кездері электр энергиясының да, дизель отынының да бағасы көтерілді. Метал құны шамамен 40 пайызға өсті. Ал біз жұмыс кезінде металды көп қолданамыз. Біздің индустрия металға тікелей байланысты*».

Даланың егін-тегін байлығын саудалап, мол табысқа кенеліп отырған карьер басшылары өндіріс кезінде қолданылатын заттардың бағасын түсірмесе, құрылыс материалдары да арзандамайды деп кесіп айтуда. Бәйтерек ауылында дәл осындай 10-нан астам карьер бар екен. Бәрінде баға шарықтаған. Баға бір көтерілсе оның қайтадан төменге түсуі екіталай. Нарық жүйесі, нарықтың талабы десек те, қал-құлт етіп, әрең күнелтіп отырған қараша қауымды ойлап отырған ешкім жоқ. «Өз күнінді-өзің көр» дегенге итермелеген билік Менделлеев кестесіндегі 90-пайыз қазба байлықтың үстінде отырып, қарашаны қыл аяғы топырақ пен құмға, тасқада зәруілетіп қойғанына тұрғын үй салушылардың және осы өнім арқылы күнелтіп жүрген камаз жүргізушілерінің зығырданын қайнатуда.

Әу баста қымбаттаған электр желісі мен жанармай бағасы, азық-түліктен бастап, құрылыс саласында қыспаққа алған. Енді, жеке тұрғын үй салушылар белуардан шығынға батуда. Мәселен, құрылысқа қажетті цементтен бастап, тас, құм, шағыл, тақтай, кірпіш, темір бағасын көрсеңіз көзіңіз тұнады. Көктемде цемент бағасы 1300 болса, қазір 1600, құм блоктың көтерме бағасы 180 теңгеден 400-ге, балкы 80-і 150000, рейка, 90-ы 160000, грабий 20000 мен 30000-ға, құм 50000, шағыл тоннасы 2500-ден бір камазы 50000, арматура рос 275х1мм 950, қытайдікі 11х1м 350 стойка(қада), 80х80 көктемдегі бағасы 1800 болса, қазір 3000 труба бұрын 20х40 160000 болса, қазіргі бағасы 575000, 930000 профиль 60х40 3200000, без стойка 640000-ға, қызыл кірпіштің бір талы 40теңгеден 60 теңгеге, көтерілген. Ал, осы өнімдерді саудалап жүрген арадағы делдалдар мен құрылыс дүкендеріндегі сатушылардың, әрі тасымалдап үйге дейін жеткізетін көліктің бағасын қосыңыз. Бұдан бөлек, құрылысқа жалдамалы жұмысшылардың еңбекақысымен күнделікті тұтынатын тамағын қоссаңыз қалтаңыздан қағылып шыға келесіз. Біз жалдамалы бұрыннан, үй-жай салып, бір үйдің, фундаментінен бастап, әрлеп, кілтін қолыңа ұстатын, Болат атты құрлысшыны әңгімеге тарттық.

Болат құрылысшы: «*Қарамағымда өзіммен бес адамбыз. Баға деген жылына бір рет өссе ештеңе емес, күн сайын ырыққа көнбей барады. Құрылыс материалдарының құнын айтуға ауыз бармайды. Жай бір кішігірім бес бөлмелі үйді салып кіру үшін он бес миллион теңге кетеді. Қол астымдағы өзімді қосқанда бес жұмысшының әрқайсы ай сайын 200000 теңгеден табуымыз керек. Үй салушының материалы толық дегеннің өзінде бір үйді екі ай саламыз. Кейде тапсырыс берушілердің материалдары жетпей, күтіп қаламыз. «Ауылдағылардың аузы сасық» дегендей, көбіне мигранттарды жалдап жатады. Олардың бағасы төмендеу. Ал, біз өз құнымызды түсірмеуге тырысамыз*».

Міне, бір ғана баспана салып кірудің бағасы он бес миллион болса, ондай теңгені үй салып жатқан қарпайым шаруалар да екінің бірі тауып бере алмасы анық. Тіпті, құрылысты бастап, орта жолдан шарықтаған бағаны көріп, жұмыстарын тоқтатқан тұрғын үй салушылармен де тілдестік. «*Құрылысты аяқтауға шамамыз жетпеді. Жолдасым мұғалім. Өзім әр түрлі жұмыстар атқарамын. Бір балам әскери қызметкер соған екі бөлме жеке үй салып бермек ем, құрылыс материалдарының бағасын көріп, тоқтап қалдым*» деген бейтаныс аға өз сөзінде бұл жақсылық емес қой деп налыды.

Иә, жақсылық емес. Бақылаусыз кеткен бағаны, базардағы нарықты кім бағамдайды? Кәсібі барлар өнім өндіріп, өндіріс көзін ашқандар өздері қалаған бағаны қойып, екі ортада, бірден көтерме бағамен алып, екіншіге екі есе бағаға ұсынған делбеңдеген делдалдарға кім тоқтау салады. Сонда, бір жалақыға ғана күнелтіп отырғандар қайтіп тіршілік жасамақ. Екі бөлме пәтер салуға қаржы тапшылығы қол байлау болса, қайтпек. Сонда, «Өз күнінді өзің көр, екі сиыр сауып жаныңды бақ» деген билік, кімге арқа сүйеп, кімнің мүддесін қорғап отыр.

Сонау 90-жылдардың орта тұсында Жезқазғанда Сәкен Сейфуллиннің 100 жылдығына орай Республикалық айтыс өтті. Торғайдың топжарған халық ақыны Қонысбай Әбілов «әй-әйына» салып толғанбасы бар ма. Дүниенің бәрі жекешеленіп, ұжымшарлар тарап, мал біткен бартерге түсіп, ауылдар тозып жатқан кезең еді. Қарсыласы Мұқаш Сейтқазинов: «әй-әй, әй-әй» деп мақамдатқан Қонысбайға қарап:

Дегенде, аңырақай, аңырақай,
Жоқ бүгін, жақсы ағамен тәуір апай.
«Әй-Әйінді мен көріп тұрғаным жоқ,
Бүгінгі дүниенің бәрі кәкәй – деп

залды дүрсілкіндіріпеді. Сол Мұқашақын айтқандай, капитализмдегі дүниенің бәрі кәкәй болды. Азулысы, азусызды шайнамай жұтып, біреуді-біреу алдау, арбау, қыл аяғы мемлекетіміздің бет-беделін айшықтайтын тәл теңгеміз де құнсызданып, қымбатшылық қарашаны алқымнан алып, қылқындырып барады. Тіршілік қой, «Тіріге-нан, өліге-кебін керек»!...

Айтақын МҰХАМАДИ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕСС-ТУР

АРҚАРЛЫ АСУЫНДАҒЫ ПЕТРОГЛИФТЕР мемлекет қорғауында

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСТАМАСЫМЕН ОБЛЫСТЫҚ ЖУРНАЛИСТЕРМЕН БЛОГЕРЛЕР АЛМАТЫ-ТАЛДЫҚОРҒАН ЖОЛЫНЫҢ БОЙЫНДА АРҚАРЛЫ АСУЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ ЖОЛАМАН АУЫЛЫНА ТАБАН ТІРЕДІК.

Мақсат «Алматы облысында Таңбалы тастар жойылып барады» деген ақпараттың анығына көз жеткізу. Бұл туралы кеңірек айтып өтсек. Аталмыш тастардың қиратылып жатқаны туралы 2017 жылы ақпарат тараған еді. Сол себепті, жоғарғы басшылар мен зерттеушілер жедел түрде арнайы комиссия құрып, киелі мекен «Тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі Алматы облыстық орталығының» тізіміне енгізілуі және Ә.Марғұлан атындағы Археология институты Арқарлыдағы петроглифтерді сақтап қалу мақсатында іс-әрекетке көшкен болатын. Негізі осы уақытқа дейін таңбалы тастардың бар екенін білмегендіктен, қараусыз қалған бұл аймақ «Архарлы-Тас» жауапкершілігі шектеулі серіктес және «Кереев и К» толық серіктес орталығынның қарамағында болып, қиыршық тас шығаратын зауыт жұмыс жасаған. «Кереев и К» толық серіктес орталығында 2007 жылы меншікке берілген 136,88 гектар жердің мемлекеттік актісі бойынша зауыт салынып, ескерту жұмыстары жасалғанға дейін қызмет жасап келген. Қазіргі уақытта бұл аумақта жұмыс тоқтап тұр, ешқандай тас өңдеу жүргізіліп жатқан жоқ. Екінші жеке меншік иесі «Архарлы-Тас» жауапкершілігі шектеулі серіктестің меншігінде жалпы көлемі 105,7 гектар құжат бойынша тиесілі екен. Бұл кәсіпкерлік орталықтың орналасу аймағында яғни екі таудың бөктерінде таңбалы тастардың орны анықталған. Табылған әрбір тарихи тастардың құжаттары мен сызбасы жасалған жағдайда ғана мемлекет меншігіне қайтарылады.

Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мәрлен Қапашұлы атқарылып жатқан жұмыстармен таныстара келе, әлеуметтік желіде тараған кеткен жалған ақпараттар жайында түсініктеме берді.

«Арқарлыдағы тарихи тастар қиратылып, кәсіпкерлер өз кәсібін дөңгелетіп отыр» деген сияқты мәліметтер бойынша шыққан дау-дамайды тоқтату мақсатында сіздерді жұмыс барысымен таныстырғымыз келді. Негізі бұл ақпаратты осында аяқ баспаған археологтардың атқарып жатқан жұмыстарын көрмей жазғандары өкініштіак. Үстіміздегі жылдың сәуір айында археологтармен келісім-шарт жасалып, мамыр айынан барлау жұмыстары жасалды. Қазіргі таңда Арқарлы петроглифтердің 70 пайызы анықталды. Анықталған тарихи тастардың құжаттары дайындалуда. Құжаттармен қатар сол жерлердің картасы жасалып, Кербұлақ ауданының электронды базасына енгізіледі. Егер жеке меншік иелері табылған жағдайда түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Осы уақытқа дейін екі кәсіпкер анықталған болған, аудан әкімдері келіссөз жұмыстарын жүргізіп қойған. Бұйырса, қыркүйек айында жұмыстар толық аяқталады деп жоспарлануда. Жұмыстар нәтижелі болып жатқан жағдайда конференция ұйымдастырып, атқарылған іс-әрекеттерге есеп береміз» – деді ол.

Сондай-ақ, оның сөзінше археологиялық саябақ жасау туралы пікір де түскен. Бірақ, ол көп қаражатты талап ететіндіктен, алдағы уақытта тарихи тастардың аты, мерзімі жазылған, орналасқан аймағы жөнінде суреттермен бейнеленген үш тілді қамтыған альбом шығарылатынын атап өтті.

Археологтардың жұмыс тәртібімен танысуда тапқан тастарын да көрдік. Археолог Ольга Гумированың айтуынша, зерттеу барысында қиратылған тастар арасында жұмыс жасау қиынға соққан. *«Тарихи тастың жартысы қопарылып үгіндіге айналып кетті. Сондықтан толық зерттеу жұмыстарын жүргізу мүмкін болмай тұр. Бірақ, шама шарқымыз келгенше, зерттеу барысы тоқтаусыз жүргізілуде»*, – деп ағынан жарылды ол.

Үш мың жылдық тарихи бар бұл тастардың тарихи құндылығы сезінбеу мүмкін емес. Өткенді білмей болашаққа бағдар салу қиын. Тастарда арқар, салт атты адамдар, аңшылық кезіндегі бейнелер бейнеленген. Қазіргі таңда тастардағы бейненің кейбірін анық көру мүмкін емес. Себебі осы уақытқа дейін жауған жаңбыр, табиғаттың тылсым күштерінің әсері болар. Зерттеу жұмыстарын жүргізіліп жатқанда байқағанымыз, таңбалы тастардың көбісіне зауыттар тиіспеген. Техникалық машиналардың қопару жұмыстары үлкен күшпен әрекет еткендіктен, бұл жерде табиғаттың тылсым күштерінен орын алғанын аңғарасың. 2017 жылдан бері қорғауға алынған бұл аймақтан тарих беттерінен ойып тұрып орын алатын тастардың табылатынына сенуге болады.

Ардагүл ӘСКЕРБЕК

БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

КӨПКЕ ҮЛГІ мойнақтық Миллионер аға

БҮГІНДЕ МАЛ ЖӘНЕ ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫМЕН ШҰҒЫЛДАНАТЫН ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНА МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ТҮРЛІ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛУДЕ. БІЗ ТІЛГЕ ТИЕК ЕТКЕЛІ ОТЫРҒАН КЕЙІПКЕРІМІЗ МҰНДАЙ ҚОЛДАУҒА ҚОЛ СОЗБАҒАН ЖАН. АТАКӘСІПТІ ӨРКЕНДЕТІП, ШАРУАСЫН ДӨҢГЕЛЕТКЕН КӘСІПКЕР ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНА ҮЛЕС ҚОСЫП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ХАЛЫҚТЫҢ ДА ЫСТЫҚ ЫҚЫЛАСЫНА БӨЛЕНІП ЖҮР.

Атына заты сай Миллионер ағамыз өткен жылғы пандемиялық жағдайда көптеген адамға тегін қымыз, шұбат таратып, жомарттық танытқанын ел аузынан естідік. Биыл да ол көрші аудандардағы емханаларға апта, ай сайын тегін қымыз, шұбат жеткізіп, ем алып жатқандарға көмектесуді қолға алыпты. Адал еңбегімен отбасын асырап қана қоймай, өзгелерге де қолұшын созып жүрген кәсіпкер ағаның ісі көпке үлгі боларлық.

1991 жылы Моңғолияның Баян-Өлгей аймағынан атажұртқа қоныс аударған Миллонер Қажекенұлы 2000 жылдан бері Талдықаламыздың іргесінде орын тепкен Мойнақ ауылында тұрып жатыр.

«Осы ауылға көшіп келгеннен кейін тіршілік қамына бірден кірісіп кеттік. Мал шаруашылығы қазақтың атакәсібі емес пе? Осы кәсіптен нәсіп тапсақ деген ойға келдім. Бала күннен жүйрік мініп, ірі және ұсақ малдың сырына қаныққып өскендіктен бұл кәсіп бізге қиын болған жоқ. Алдымен жиған-терген қаржымызға екі бие сатып алып, қымыз ашытып, тұтынушыларға саттық. Тұрмыстан артылған қаражатымызды жинап, жылқының басын көбейтіп отырдық. Мал басы көбейген сайын дайындаған қымызға деген сұраныс та артты», – деп ағынан жарылды ағамыз. Өз сөзінде ол шаруасын шалқытып, кірісін ары қарай молайтуға бір кездері облыс әкімі болған Серік Үмбетовтың тұсында ашылған қымызханалдардың үлесі зор болғанын да айтты. Яғни, бұл бастама атакәсіпті өркендетемін дегендердің бағын ашқан.

«2007 жылы Талдықорған қаласында тіз қатар киіз үйлер тігіліп, қымызханалар ашылды. Күн сайын қаладағы қымызханалардың сұранысын қамтамасыз ету оңай болған жоқ. Оның үстіне қала маңында түйе ұстағандар болмағандықтан шұбатқа деген сұраныс көп болды. Сонымен екі түйе сатып алып, шұбат өндіре бастадық. Біз қымыз бен шұбатты көбінше Талдықорған орталық стадионының алдынан ашылған Текелі қаласының қымызханасына сатып, тұтынушыларға жеткіздік», – дейді кейіпкеріміздің зайыбы Майра тәтей.

Бүгінде сол жылдарда сатып алған 3 бие көбейіп, 70 бастан асса, екі түйе 30 басқа жеткен. Қырық шақты ірі қарасы мен ет өнімдерін өндіруге арналған ұсақ малдың саны да көбейіпті. Қымыз бен шұбаттың литрін 700 теңгеден, құрт, ірімшік, сары майды базардағы бағадан 30-40 пайыз арзан бағада сатуда. Егер тапсырыс беремін десеңіздер: 87078283603 нөмірі бойынша хабарлассаңыздар, тегін жеткізіп береді.

Үш ұл мен екі қыз тәрбиелеп өсірген отбасы мүшелері бұл күнге, осы деңгейге өз еңбектерімен жеткендігін айтады. Екі ұлы әкелерімен бірге шаруашылықтың тізгінін ұстап келеді.

«Жиған-терген қаржымызбен Қаратал өзенінің бойынан мал бағуға ыңғайлы 50 гектар жерді жекеменшікке сатып алдық. Сол маңға үй, айналдыра қора салып, айналасын абаттандырып, тіршілік тынысына айналдырдық. Қосымша жалға алған 500 гектарға жуық жайылымдық жеріміз бар. Қысқасы, жылқылар мен түйелер, ірі және ұсақ малдар жайылыстан тарықпайды. Бірақ шабындық жер болмағандықтан мал азығын басқа қожалықтардан сатып алуға мәжбүрміз. Осы уақытқа дейін ешкімге алақан жайып, сұранып көрген жоқпын. Табыстың көбі мал азығына кетеді. Егер өзімізге тиесілі шабындық, мал азығын өсіретін шаруашылық жеріміз болғанда мал басын мұнан да көбейтер едік» – дейді кәсіпкер ағамыз.

С. БАЗАРҚҰЛОВА.

Дүйсенбі - Понедельник, 14 маусым

ҚАЗАҚСТАН

05.50 Футбол.Америка кубогі 2021.Паранвай-Боливия.
08.00 «TANSHOLPAN»
10.00,08.00 «Асау Толқын»
11.00 «Ән мен әнші»
12.00 «Қызық екен...»
13.00,17.00,20.00,03.00 «AQPARAT»
13.10 М/ф«Сүйкімді Софи»
14.00,02.20 «Теледәрігер»
15.00 «Apta»
16.00 «Ауылдастар»
16.35 «Ұлтттық кеңес:диалог және реформалар алаңы»
17.20 «Көңіл толқыны»
20.35 «Ashyq alan»
21.30 «Замандастар»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.50 «Сана»
00.35 UEFA Euro -2020. «Доп Дода»
00.50 Футбол .UEFA Euro -2020 .Испания-Швецария.

ХАБАР

06.00 «Бауыржан-шоу»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00,01.00 «Әсем әуен»
11.15 «Шашу»
13.15,23.30 Т/х «Көкжал»
13.15,23.30Т/х «Рауза»
15.00«Бүгін»
16.00 «Асыл қазына»
17.00 «Отчаянные»
18.00 «Телепорт»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Баспанаға бығыт»
21.00 Итоги дня
21.30 «Қолда я жолда»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30«Күлдірген»
07.00«Ұрланған тағдыр»
08.00М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/с «Қызым»
12.30,23.10 Т/х «Қайсар ханша»
14.00 «Айтарым бар»
15.00,03.15 «Ұздік әзілдер»
15.30 «Сулейман сұлтан»
17.00 «Аладдин»
18.00 Т/х «Мәриям»
20.00,01.20 Astana times
00.30 «Қош келдіңіз»
02.10 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.55 «KazNet»
03.50 «Интерны»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.00Т/х «Тракторшының махаббаты»
06.40 «Той заказ»
07.10, 03.45 «ТОЙ БАЗАР»
08.00 «Доброе утро»
11.00 Д/ф«Подари детям жизнь»
12.55 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14.15 «112»
14.30 «Qoslike»
18.30,02.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Ничто не случается дважды-2»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Реализация»
00.40 «Медсестра»
01.40 «П@утина»

КТК

07.05«Улы тамшылар»
08.30Т/х «Ясминнің тағдыры»
09.10 Т/х«Сен мықтысың,тек алға!»
10.00 «Как выйти замуж»
13.50 «Три желания»
15.50,01.50 «Акварели»
18.00 «Сен менің теңім емессің»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00,02.40Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 «Сильная слабая женщина»
23.45 Х/ф «Пес-4»
03.15«Әйел қырық шырақты»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Ұлт құндылығы»
11.00 «Әкелердің әңгімесі»
11.45 «Спорт»
12.00 «Қазақүні»
12.35 «Полицейская служба»
13.00 «Олжа»
13.30 «Әсем әуен»
14.00 К/ф «Ескерту»
15.50 «Әсем әуен»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Әдебиет пен адамзат»
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Ауырып ем іздегенше»
21.10 Д/ф «Мәдени қазыналар»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қорғансыз» телехикаясы 39-серия
23.00 Новости 23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.40 «Неге?»
08.20 «Армагеддон
09.20«Иффет»
11.00,00.50 Т/х «Ананди»
12.30,21.00«Пиноккио»
14.10 «Белый плен»
16.30 «Такси»
17.00What'up?
17.30 «Вертикальный предел»
20.00 Информбюро
22.20 «Достопочтенный джентельмен»
01.40 «Кел, татуласайық!»
03.40 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,05.00«Қуырдақ»
06.30«Зың-зың Кулпәш»
09.00 «Женщина в зеркале»
13.00 Т/х«Бастық боламын»
14.00 «Q-елі»
15.00,03.00«Мезгілсіз сезем»
16.00Т/с «Мама-детектив»
17.00 «Домик на счастье»
18.00,00.00 «осколькі»
19.00 «Никонов и КО»
21.00 «Әкесінің баласы»
22.00 «Арам ақша.Адал махаббат »
01.10 Т/х«Анна-детектив»

Открылось наследство после смерти Сайлыбаевой Күлюмхан Баяшовны, умершей 29 сентября 2020 года. Наследникам обращаться к нотариусу Бекішбаеву А.С., город Талдыкорган, улица Шевченко, дом 146/4, телефон: 41-37-73,со дня выхода объявления в течении месяца.

Сейсенбі - Вторник, 15 маусым

ҚАЗАҚСТАН

05.50 Футбол.Америка кубогі 2021.Парагвай-Боливия.
08.00 «TANSHOLPAN»
10.00,08.00 «Асау Толқын»
11.00 «Ән мен әнші»
12.00 «Қызық екен...»
13.00,17.00,20.00,03.00 «AQPARAT»
13.10,21.30 «Замандастар»
14.00 «Теледәрігер» . Тікелей эфир
15.00 «Жүзден жүйрек»
16.00 «Ауылдастар»
16.35 «Жан жылуы»
17.20 «Көңіл толқыны»
20.35 «Ashyq alan».
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.50 «Сана»
00.35 UEFA Euro -2020. «Доп Дода»
00.50 Футбол . UEFA Euro -2020 .Франция-Германия.

ХАБАР

06.00 «Бауыржан-шоу»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00,01.00 «Әсем әуен»
10.15,21.30 «Қолда я жолда»
12.15 Т/х «Шашу»
13.15,23.30 Т/х «Көкжал-2»
15.00 Бүгін. Прямая трансляция
16.00 «Асыл қазына»
17.00 «Отчаянные»
18.00 «Бойцовский клуб»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Баспанаға бағыт. Прямая трансляция
20.50 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане»
21.00 Итоги дня

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00 «Ұрланған тағдыр», 08.00М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30 Т/с «Қызым»
12.30, 23.10 «Қайсар ханша»
14.00 «Айтарым бар»
15.00,03.15 «Ұздік әзілдер»
15.30 «Сулейман сұлтан»
17.00 «Аладдин»
18.00 Т/х «Мәриям»
20.00,01.10 Astana times
20.55 Loto 5/36 Прямой эфир
21.00«Ұлым»
00.30 ««Қош келдіңіз»»
02.10 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.55 «KazNet»
03.50 «Интерны»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.00Т/х «Ғашықтар»
06.40 «Той заказ»
07.10,03.45 «Той базар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112».. Тікелей эфир
14.30 «Qoslike». Тікелей эфир
18.30,02.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Ничто не случается дважды-2»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Реализация»
00.40 «Медсестра»
01.40 П@утина

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Улы тамшылар»
08.30 Т/х «Ясминнің тағдыры»
19.10 Т/х«Сен мықтысың,тек алға!»
10.00 Новости
10.40 «Следствием установлено»
11.40,00.00 «Пес-4»
13.50,21.40 «Сильная слабая женщина»
15.50,01.50 «Акварели»
18.00 «Сен менің теңім емессің»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00,02.40«Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
03.25 Т/х «Әйел қырық шырақты»
04.00-04.40 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Әдебиет пен адамзат»
11.00 «Сыралғы»
11.45 «Спорт»
12.00 «Шашу»
13.00 Т/х «Қорғансыз»
13.40 «Әсем әуен»
14.00 К/ф «Әлек болған әйел»
16.15 «Әсем әуен»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
19.20 «Ауырып ем іздегенше»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қорғансыз» телехикаясы 40-серия
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.50 «Армагеддон»
07.40 Информбюро
08.50,17.00 «Последние 24 часа»
09.50 «Иффет»
11.00,00.40Т/х «Ананди»
12.30,21.00«Пиноккио»
14.10 «Восьмидесятие»
16.30 «Тахі»
18.00 «Достопочтенный джентельмен»
20.00 Информбюро
22.20 Т/х «Отец невесты»
01.50«Кел татуласайлык»
03.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Айна online»
07.40, 14.00,02.15 «Q-елі»
08.00,21.00«Әкесінің баласы»
09.00 «Война семей»
09.40,17.00 Т/с «Домик на счастье»
10.50,19.00 Т/х «Никонов и КО»
13.00,04.00 «Бастық боламын»
15.00,03.00«Мезгілсіз сезем»
16.00Т/с «Мама-детектив»
18.00,00.00 Т/х «Осколки»
22.00 «Арам ақша.Адал махаббат »
01.10 Т/х «Анна-детектив»

Открылось наследство после смерти Устинова Александра Ивановича, умершего 22 ноября 2020 года. Наследникам обращаться к нотариусу Бекішбаеву А.С., город Талдыкорган , улица Шевченко, дом 146/4, телефон:41-37-73, со дня выхода объявления в течении месяца.

Сәрсенбі - Среда, 16 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары»
06.25, 17.00, 20.00, 00.35 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN» .
10.00, 18.00 Т/х «Асау толқын»
12.00 «Қызық екен...»
13.10, 21.30 «Замандастар»
14.00, 02.15 «Теледәрігер» . Тікелей эфир
15.00 «Жарқын жүдесу»
16.00 «Ауылдастар»
16.30 «Тұлға»
17.20 «Көңіл толқыны»
18.50 Футбол
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.50 «Сана»
00.35 «Доп дода»
00.50 Футбол

ХАБАР

06.00 Бауыржан шоу
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Әсем әуен»
10.15 «Қолда я жолда»
12.15 Т/х «Шашу»
13.15,23.30 Т/х «Көкжал - 2»
15.00 Бүгін. Прямая трансляция
16.00 «Асыл қазына»
17.00 Сериал «ОТЧАЯННЫЕ»
18.00 Мегахит «Останься»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Индустрия»
21.00 Итоги дня

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.05 «Күлдірген»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00, 14.15 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/с «Ұлым»
12.30, 23.10 Т/х «Қайсар ханша»
14.00 «Айтарым бар»
15.30, 03.50 «Ұздік әзілдер»
16.00 «Сүлеймен сұлтан»
17.00 «Аладдин»
18.00 Т/х «Мәриям»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
20.55 Loto 6/49 Прямой эфир
00.20 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Ғашықтар»
06.40,03.15 «Той заказ»
07.10,04.00 « Той базар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112».. Тікелей эфир
14.30 «Qoslike». Тікелей эфир
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00 Сериал «Ничто не случается дважды»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Ментовские войны»
00.30 « Медсестра»
02.00 «П@утина»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Улы тамшылар»
08.30 «Ясминнің тағдыры»
09.10 «Сен мықтысың, тек алға!»
10.00 Новости
10.40 «Следствием установлено»
11.40, 23.45 «ПЕС -4»
13.50, 21.40 «Сильная слабая женщина»
16.00, 01.45 «Акварели»
18.00 «Сен менің теңім емессің»»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 ,02.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
03.20 «Әйел қырық шырақты»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Сегодня»
11.00 «Дәрігер кеңесі»
11.45 «Спорт»
12.00 «Шашу»
13.00 Т/х «Қорғансыз»
13.40 «Әсем әуен»
14.00 К/ф «Айлакер»
16.15 «Әсем әуен»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.24 Ауарайы
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 «Алматы облысы - 20 жыл
20.10 «Тұырдағы тұлға»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Ауырып ем іздегенше»
21.10 Д/ф «Мәдени қазыналар»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бәрі де анам жайлы» (1-2 серия)
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын (каз.)
06.30 «Армагеддон»
07.20 Информбюро (повтор)
08.50, 17.00 «Последние 24 часа»
09.50 «Иффет»
11.00, 23.30 Сериал «Ананди»
12.30, 21.00 Сериал «Пиноккио»
14.10 «Восьмидесятые»
16.30 «Такси»
17.00 «Последние 24 часа»
18.00 «Отец невесты»
20.00 Информбюро
22.20 «Отец невесты-2»
01.30 «Кел татуласайык»
03.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Қуырдақ»
06.30,04.30 «Айна online»
07.30,05.30,02.30 «Q-елі»
08.00,21.00 «Әкесінің баласы»
09.00, 02.00 «Война семей»
09.40, 17.00 « ДОМИК НА СЧАСТЬЕ»
10.50, 19.00 Сериал «Никонов и Ко»
13.00,04.00 Т/х «Бастық боламын»
15.00,03.15 Т/х «Мезгілсіз сезім»
16.00,01.00 Т/х «Мама-детектив»
18.10, 00.00 «ОСКОЛКИ»
22.00 «Арам ақша. Адал махаббат»
01.10 «Анна-детектив»

Открылось наследство после смерти Оразбаева Саята Елубаевича, умершего 20 апреля 2021 года. Наследникам обращаться к нотариусу Бекішбаеву А.С., город Талдыкорган , улица Шевченко, дом 146/4, телефон:41-37-73, сроком до 20 октября 2021 года.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

САНДЫҚ ЖОБА

«ASHYQ» ЖОБАСЫМЕН жұмыс істейді

ОБЛЫСТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ХАБАРЛАУЫНША, АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА БІРҚАТАР КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЙЫМДАРМЕН ӘСКЕРИ БӨЛІМДЕРҚЫЗМЕТІНДЕ «ASHYQ» ЖОБАСЫН ЕНГІЗДІ. МЕКЕМЕЛЕР САНДЫҚ ЖОБАНЫҢ ЕРІКТІ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ ӘСЕТ ШАЯХМЕТОВ МӘЛІМДЕДІ.

QR алған мемлекеттік кәсіпорындар арасында Қарасай ауданындағы «Үшқоңыр» балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КМК, Еңбекшіқазақ ауданындағы «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 6654 әскери бөлімі» РММ, Іле ауданындағы «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 3660 әскери бөлімі» РММ, «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының басшысы Әсет Шаяхметовтың айтуынша, жобаға мәдениет және туризм нысандары белсенді түрде қосылуда. Қосымша бойынша Б.Римова атындағы Талдықорған драма театры, Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясы, Өтенай ауылының Мәдениет үйі, «Көлсай көлдері» Мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ және басқалары жұмыс істейді.

Жоба іске қосылған сәттен бастап өңірде 482 бизнес нысаны өз қызметінде «Ashyq» қосымшасын енгізді.

«Бүгінде «Ashyq» жобасына қосылған 482 нысанның 411-і қатысушы болып табылады, 71 нысан сынақ режимінде қызмет атқаруда. Жобаға қатысушылардың тізімі күн сайын облыс әкімдігінің сайтында жаңартылады. Айта кету керек, жобаның ерікті қатысушыларының саны артып келеді. Олардың қатарында мемлекеттік органдар, әкімдіктер, балалар спорт мектептері, колледждер мен демалыс аймақтары бар», – деп атап өтті Алматы облысы ӨКП директоры Әсет Шаяхметов.

Мемлекеттік органдар арасында Алматы облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мен Алматы облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаменті «Ashyq» жобасының қатысушылары болып табылады.

Алматы облысы бойынша санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің ақпараты бойынша, қосымша Талдықорған қаласында енгізілген сәттен бастап «сары» мәртебесі бар 49 адам және «қызыл» мәртебесі бар 34 адам анықталды, Панфилов ауданында бір «қызыл» және бір «сары» мәртебесі бар адам, Ескелді ауданында «сары» мәртебесі бар екі адам, Қарасай ауданында бір «қызыл» және бір «сары» мәртебесі бар адам анықталды.

Естеріңізге сала кетейік, Алматы облысында «Ashyq» жобасы осы жылдың сәуір айында енгізіле бастады. Жоба COVID-19 таралу қаупін азайтуға және келушілер мен жұмысшыларды қорғауға мүмкіндік береді, сонымен қатар бизнеске шектеу шараларына қарамастан, тіпті локдаун жағдайында да жұмыс істеуге мүмкіндік береді. QR коды мен ПТР-дің жалпы базасымен интеграцияланудың арқасында қосымша келушінің мәртебесін анықтай алады.

«Ashyq» қосымшасын App Store және Play Market-тен жүктеуге болады. Сонымен қатар, қосымшаның функциялары Aitu платформасында және ashyq.kz сайтында қолжетімді.

Ш. ХАМИТОВ.

БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА

МЕДИЦИНАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ЖҰМЫСЫ ТЕКСЕРІЛДІ

Сапалы арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты. Стационар жағдайында қызмет алушылардың жеке басына қол сұғылмаушылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сонымен қатар, қоғамда өзара әрекеттесу кезінде барлық жағынан қолдау сақталуы керек. Дәл осы міндеттердің мінсіз атқарылуын бақылау мақсатында мониторингтік топ құрылды.

Аталған тексеру шаралары Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен ағымдағы жылдың 26 ақпанында «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір» атты Nur Otan партиясының сайлауалды бағдарламасының жол картасын жүзеге асыруда «Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобасының шеңберінде жүзеге асырылды. Сәйкесінше, медициналық-әлеуметтік мекемелерде тұратын қарт адамдардың жағдайына мониторинг жүргізілді.

Осы жылдың 17-21 мамыр аралығында Текелі қаласындағы «Шапағат» және «Қапшағай арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ мемлекеттік органдардың мамандары мен қоғамдық өкілдердің қатысуымен тексеру жұмыстары жасалды. Мониторингтік топ мүшелері Текелі қаласындағы «Шапағат» орталығында мерекелік шаралар өткізілетін арнайы мәжіліс залының жоқтығын алға тартып отыр. Айтуларынша аталған әлеуметтік қызмет көрсету мекемесінде қызмет алушылар арасында шығармашылық және талантты адамдар көп, олар әр іс-шараға концерттік бағдарламалар дайындайды. Мәжіліс залының жоқтығынан олар асханада іс-шаралар өткізуге мәжбүр.

Екінші, нысанаға алынған орталық, Қапшағай қаласында орналасқан. Тексеруге қатысқан мамандар, «Қапшағай арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ ішіндегі жиһаздарды ауыстырып, қар мен жаңбырдан қорғайтын арнайы шатыр орнату керектігін, жалпы алғанда ғимаратты жөндеуден өткізу туралы ұсынымдарын берген.

«Қос орталықтың жалпы алғанда жағдайлары жақсы. Мекеме қызметкерлерінің қызмет алушылармен орнатқан қарым-қатынасына, көрсетілетін әлеуметтік көмектердің сапасына мінтаға алмаймыз тек материалдық базаларын нығайтып, ғимарат жөндеуден өтсе болғаны», – дейді ұлттық алдын алу тетігінің мүшесі Гульгана Назырова.

Аталған орталықтар бірінші және екінші топтағы мүгедектер мен егде жасына байланысты өзіне қызмет көрсетуге мүмкіндігі жоқ адамдарға, яғни қарттардың тұруына арналған ұйымдар болып табылады.

Айта кетейік, өңірде 2231 орынға арналған 13 медициналық-әлеуметтік мекеме жұмыс істейді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ

ЕЛІМ ДЕП ЕҢБЕК ЕТКЕН ЖАН ЕДІ

ХАЛЫҚ АРАСЫНДА «ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ, ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ» ДЕГЕН ЖАҚСЫ СӨЗ БАР. ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДА ЕЛІ ҮШІН ЕМІРЕНІП, ЖҰРТЫ ҮШІН ЖҰМЫЛЫП ЖҰМЫС ІСТЕГЕН ЖАНДАР ЖЕТКІЛІКТІ. ОЛАРДЫҢ АРАСЫНДА АТАМЕКЕННІҢ АТЫН ӨЛЕҢ-ЖЫРМЕН АСҚАҚ ЕТКЕНДЕР ДЕ, ОТАНЫН ҚАСЫҚ ҚАНЫ ҚАЛҒАНША ҚОРҒАҒАНДАР ДА, ТУЫП-ӨСКЕН АУЫЛЫНЫҢ КӨРКЕЮІНЕ, МӘДЕНИЕТІНІҢ ӨСУІНЕ, ҚЫЗМЕТ ҚЫЛҒАН ҰЖЫМЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖАНДАНУЫНА ДА АЯНБАЙ ЕҢБЕК ЕТКЕН ЖАНДАР ЖЕТЕРЛІК. ОЛАЙ БОЛСА ТУҒАН ЖЕРІМ ДЕП ТЕР ТӨККЕН ӘР АЗАМАТТЫҢ АТЫ ӨЛМЕУГЕ ТИІС. ОНЫ ӨЛТІРМЕУ, ЖҰРТ ЖАДЫНДА ЖАҢҒЫРТЫП ОТЫРУ КЕЛЕР ҰРПАҚТЫҢ МІНДЕТІ МЕН ПАРЫЗЫ.

Жас шағында жасындай жанып, жұлдыздай жарқырап қызмет еткен бексат азаматтардың тізімінде Шәкір Ақбергеновтың алар орны ерек. Ол 1956 жылы Бесқайнар ауылында дүниеге келген. Жас кезінен білім алуға ынтасы ерекше байқалып, сегізжылдық мектепті Бесқайнардан, орта мектепті Мұқырыда тәмамдады. Жоғары білімді Талдықорған педагогикалық институтын математика мамандығы бойынша сырттай оқып бітірді. Еңбек жолын 1975 жылы математика пәнінің мұғалімі болып өзі оқып бітірген алтын ұя мектебі Бесқайнардан бастады. Өз ісінің маманы Шәкір аға әрқашанда ұжымымен, оқушылар және ата-аналарымен жақсы қарым-қатынаста болды. Кез келген жанның тілін тауып, өзіне баурап алатын қасиеті ерекше еді. Еңбекке еті үйренген жан тек мектептің ғана емес, комсомол, партия ұйымдарының жұмыстарына жетекшілік етіп, туып-өскен ауылының өсіп-өркендеуіне аянбай тер төкті.

1986-1999 жылдары арасында мектеп директоры қызметін атқарған кезде оқушылардың жан-жақты білім алып, есте сақтау және ойлау қабілеттерін дамыту үшін спорттың біраз түрінен үйірмелер ашты. Атап айтсақ, шахмат, дойбы, стол теннисі, футбол, күрес және тоғызқұмалақ. Бұл оның ауылына жасаған ең алғашқы жақсылықтарының бірі еді. Мамандығы математик болғандықтан шахмат, дойбы және тоғызқұмалақ ойындарын есеппен тікелей байланыстырып, үйірме жұмыстарын өзі жүргізді. Шынайы еткен еңбек елеусіз қалмайды. Айтпағым 1976-1992 жылдары Шәкір ұстаздың шәкірттері шахмат ойынынан облыстық, тіпті республикалық жарыстарда топ жарып, жүлделі орындар алып, танымал бола бастады. Ал 1990 жылдан бастап елімізде ұмыт бола бастаған тоғызқұмалақ ойынын насихаттауға өз үлесін қосып, түрлі семинар мен жарыстар өткізіп жүрді. Тоғызқұмалақты үйренгісі келгендер Бесқайнар ауылына арнайы келіп, Шәкір ұстаздан дәріс алатын. Сондай-ақ Шәкір Ізбасарұлы облыстық шахмат федерациясының Президенті ретінде Астанада өткен шахматшылар съезінде делегат болған. Еңбегі еленген ұстаз аудандық, облыстық білім әкімшіліктері тарапынан және спорт федерациясынан әртүрлі марапаттарға ие болған.

Өмірінің соңғы жылдары Шәкір Ақбергенов Көксу ауданының орталығында орналасқан Батыржан Оңғаров атындағы стадионның меңгерушісі болып, әртүрлі игі істердің басында бола білді. «Болар істің басына, жақсы келер қасына» демекші, Шәкір аға меңгеруші болған жылдары табандылығы мен еңбекқорлығының арқасында облыстық және республикалық дәрежедегі жарыстар өтетін стадионға қомақты қаржы бөлініп, күрделі жөндеуден өтті. Көптеген мықты шәкірт тәрбиелеп, ұлағатты ұстаз бола білген, мейірімді де білімді, мәдениеті мен рухани дүниесі мол, үлкен жүректі жанды ізбасарлары еске алып, жыл сайын әртүрлі ойындардан турнир өткізіп тұрады.

Туған жеріне еңбегі сіңген азамат отбасының да мықты тірегі бола білді. Шәкір Ізбасарұлы 1980 жылы Баян Қаспақбайқызымен отау құрып, екі ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді. Баян әпкеміз де Бесқайнар мектебінде 30 жыл мұғалімдік қызмет атқарды.

Тоқсан ауыз сөзді тобықтай түйінмен жеткізе білген дана халқымыз «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болсын» деген ғой. Елім деп еңбек еткен Шәкір Ізбасарұлының игі істері ел жадында мәңгі сақталады.

Бақтыбек АРЫСТАНБАЙ
КӨКСУ АУДАНЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Әңгіме

ҚОНАҚТАР

Курорттан қайтып бара жатқан сапарларында жолай үйге соқпақ болған балаларын күтіп, Ерғабыл шал түн ортасы ауғанда жатса да, ертеңіне күн шықпай оянды. Алагеуімде үндемей жүріп киініп алды. Мәсісін де, шұлғауын да ешкімнен сұраған жоқ. Кенет әжептәуір қатқыл даусыпен:

— Әй, шақшам қайда? — деді ұйқылы-ояу жатқан кемпіріне.

— Кемпір естіді ме, естімеді ме — міз бақпады. Ерғабыл оның үстіне сәл төне түсіп:

— Кемпір, шақша көрмедің бе? — деді жұмсарып.

— Байғұс, «қайдалайды» да жүреді екенсің! Қойған жеріңді ұмытып қаласың ба?!. Мә.

Ерекең ләм-мим демей, алдымен бір атым насыбайды ерніне тастап, шақшасын қалтасына салды. Кемпірі басын ұстап, қайтадан төсегіне жантайды.

— Басым сынып, өлейін деп жатырмын, мазалай бермеші.

— Өлсең, Бағила кемпірді алып келемін, — деді шал бағанағыдай емес, көңілденіп.

— Иә, жетісерсің! Бала бір жақта, біз бір жақта. Мына қу моладан сүйегімізді табар бір күні. Осы Қаратүбектің басында жұмақ тұрғандай екі елі қия баспайсың... Бүгін келсін балалар, көрерсің, еріп кетемін. Қал жалғыз өзің, омалып. Кеше ноқтаның сағағын байламапсың ғой, кер құлын ағытылып кетті.

— Ие, бұған бірдеңе айтсаң, бұл бірдеңе айтады.

— Е, неғыл дейсің маған. Бала... ыһ... тартып жіберші мына шетін, көтерсейші басыңды... мықтап ұста... ешқайда кетпес, оралар... Туып-өскен жері, елі... Ұста деймін, қаттырақ ұста. Қарайған малды тастап, қайда барасың?

— Сен шал алжисың. Осы ғой міне, алжыған деген осы шығар. Екі бие сенің басыңа көктас қоя ма? А-а-а, осыны алмаған құдайдың тамағы тоқ.

Ерекең ыңырана әндетіп, таяғына сүйенді.

—Ойпыр-ау, белім шойырылып қалғаны несі?! Осы мен таң намазын оқыдым ба?

— Намазды оқитын болсаң оқы да, оқымайтын болсаң қой, не ол, бір күн тастап, бір күн оқып.

— Құдайдың өзі кешірер, мен бір әдейі істейді деймісің соны. Жүрегім басында жел тұрғанын қарашы... Қой, сен кемпір мылжыңдай бересің. Намазымды оқып, биеге кетейін.

Ерекең сыртқа шықты. Күншығыс аппақ. Ауа сәл-пәл дымқыл екен. Қолын көлегейлеп, маңайына қарады. Көкжиек шыңылтыр ашық болатын. Бірақ шалға тұманытып көрінді. «Кеше кер құлынды бостау қосақтап едім, оралып қалмады ма екен, — деп ойлады ол. — Анау Қарабидайдықтың табанында жүрген солар шығар. Тұсауымен сонша жерге кетеді. Бұл иттерді байлап қоямын ба, не істеймін?»

Бір қолымен белін ұстап, шық басқан көк шөптерді таяғымен анда-санда қағып қойып, шабылған бидайдықтың жиегімен келе жатты. Лезде белі ұйып, шаршап қалды. Таяғына сүйеніп аз тұрды да, буындары сытырлап, сүрлеу жиегіндегі төмпешікке келіп отырды.

— Кәрілік! Е-е, жарықтық-ай! Уһ! — Орамалын алып, терін сүртті. Күн жылынған шығар деп жұқа барқыт бешпентін шешіп, қолына алды. Укаланған өңірін жазып жатып: «Ертең сүйегіме шапан жетпей қалса, — деді ішінен, — Бектемірден қалған жалғыз Ерғабылдың басында түк болмады деген атаққа қалармын».

Әлдеқалай шалдың көз алдына өлгеннен кейін мұны жұрттың қалай шығарып салатыны елестеді. Елестегенде «құданың құдіретімен» өткендегі Айтыс сүйегін шығарғандағыдан бір айнымайды. Бір жұртқа үлестіретін киімі одан көп екен.

Сарыөзек тегіс келген секілді. Бата кейін атпен жарысып, мүше алып қашқандар да Жұрттың бәрі:

— Е-е, қайран дүние кімге опа берген, бұл кісілер де кетті-ау дүниеден. Мұндай кісілер енді тумайды, тумайды, — деп аза тұтып, енді біреулер:

— Шіркін, бала деген осы ғой! Сапабек әкесін қандай қып жөнелтті, ә! Ойпырмай, мұндай ұлы дүбірмен біздің елде әлі ешбір шал аттанбаған шығар, — десін, таң қалысып бара жатқанға ұқсайды.

Шал күлімсіреп, таяғын ұстады. «Айдалада өлген көрі қасқырға ұқсамай, ел-жұрттың алдында абыроймен өту — осыдан артықтың енді керегі жоқ». Орнынан тұра беріп — Сапабекжандар кеше келмегені несі, — деді күшене сөйлеп, — телеграмда кеше еді ғой.

Әлсін-әлсін дамылдаумен Қарабидайдықтың табанына келді. Бағанағы ой бекер екен. Жылқылар өріде — Шайтанкөңнің маңында жүр.

Ерекең зираттардың тұсына келгенде, ішінен деңелерді күбірлеп, көп созбай, қолымен бетін салды. Көп төмпешіктердің ішінен жақында өлген байдың қабірін көрді. Қызылкүрең, жас топырақ қыл күйі. Құрғамапты.

Шіміркеніп, тезірек жүрді. Салқын тер өне бойын шымырлатып, жылқыға жеткенше дем алған жоқ.

«Ғаріп пенде... Аруағы риза болсын. Жасаған қай кезде дәм-тұзды тауысамын десе өзі біледі... Өзі менен бірер жас кіші болу керек. Жылым ұлу дегендей болып еді.. Ерекең қайтып жаяу жетпесін білді де, кер құлынды ағытып, биені тұсауымен ноқталап алды. Арықтың ішіне енгізіп, жиектен асылып мінді. Әрең дегенде отырды.

— А-а-а, жетпіс бес, — деді дауыстап, көзге тап сондай біреумен сөйлесіп тұрғандай, — сен болар ма екенсің мені алып кететін, жоқ сексен бес пе екен. Түсімде айырып ести алмағанымды қарашы. Фью-фью, әй, жетер түнімен оттағаның.

Ерекең енді байқады, күн шығыпты. Бірен-саран қарайған малдар болмаса, төңіректе қыбыр еткен пенде жоқ. Әлі ұйқыдан оянбаған секілді. Кер бие дымқыл көк шөпті анда-санда бір шалып, күрт-күрт шайнап, біресе пысқырып, біресе «дұрыс қой, дұрыс қой» дегендей басын шұлғып қояды. Кер құлын шапқылап, озып кетті де, ойнақтап қайта оралып, қайта шапты.

«Баламысың деген, біз де осылай ойнақтадық-ау». Шалдың есіне өткен өмірінен бір қызық оқиға түскен болу керек, болмашы жымиып қойды. (Көбіне еске түсіретіні жігітшілік дәурені болатын).

Кер бие үйреншікті желінің басына тоқтады.

— Немене, ұзап кетіп пе? — деді кемпірі, құлынды байлап жатып. — Қажыған шығарсың, шай қояйын ба, мызғып аласың ба?

— Шөлдедік. Шайыңды қой.

Ерекең есік алдындағы бөгетке шықты. Әлдебір мұңды әнді ыңылдай айтып, таяғына сүйеніп, біраз тұрды. Өзен жиегіндегі қыстауын көріп, бағанағы кемпірінің сөзін есіне алды. «Осы Қаратүбек басында жұмақ тұрғандай екі елі қия баспайсың. Балаларға еріп өзім кетем».

«Әй, кемпір, — деді ішінен, бағанағы жерде айтатын сөзі ойына жаңа түсіп, — мен саған дейін үш қатыннан айырылғанмын. Азды-көпті ғұмырымның ішінде талай бақтан айырылып, талай баққа қолым жетті. Дүние бірде алдын берсе, бірде артын береді. Бірақ әкем көрген, әкемнің әкесі көрген қара орнымнан айырылып көрген күнім жоқ. Не тантырап отырсың!» Ерекең желі басында әлі күйбеңдеп жүрген кемпіріне зекіп жібергісі кеп, уыттанып, шақшия қарады. Кенет оның түк жазығы жоқ екені есіне түсіп, сабырмен ойға шомды.

Ертеректе, осыдан алпыс жылдай бұрын сонау қыстау маңы тізілген үйлер болатын. Бектемір әулеті тегіс осы араны қыстайтын. Өмір-бақи жан-жаққа пышырап көрген емес, ағайыншыл еді ғой бәрі де. Көктемде ел қыстаудан көп ұзамай, өзен жиегіне қаз-қатар киіз үй тігеді. Жиен Қазыбайлар да малы жоқтығын сылтауратып, осында келетін. Ерекеңнің бала кезі. Ауыл жігіттеріне қосылып жылқы бағады. Тентек-ау, сен де адам болып, жылқы бағатын болдың-ау, — деп күлетін Қаншайым жеңгесі. Қаншайымның басында шашақтадған ак жаулық болады. Ажарлы еді пәтшағар...

Әлі есінде, бірде кешкілік қызкеліншектердің көзінше алтыбақан сыртынан келіп, ат үстінен «Жеңеше» әніне бір салған еді-ау.

Айдап салдым жылқымды тепсең жерге, жеңеше-ау,

Сендей адам табылмас ексем жерге, жеңеше-ау...

Таяғына қаттырақ сүйенген Ерекеңнің жақ еттері жыбырлап, көздері қызарып, жасаурап кетті. Тым әріде, көз нұры, көңіл құрығы жетпейтін тым әріде қалған бейшара бір сағыныш жүрегінің түбін әлсіз түртіп, онсыз да қаусағалы тұрған әдіре қалғыр ит жанын күйзелткендей болды.

«Иә, одан бері талай аласапыран жыл өтті... Олар Сыр бойына көшіп кеткен. Содан оралған жоқ... Қайран Қаншайым тірі ме екен бұл күнде! О, пәни жалған! Ол тірі болып, жүздесе қалсақ, өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілгендей болмас па едік». Ерекеңнің алқымына ыстық жас тірелді. «Бізден кеткен бір қора Бектемір әулетінің не күйде екенін білмес пе едік. Өзі... Ойбай-ау, тірі ме деймін, менің өзім жетпіс беске келдім. Ол менен көп үлкен еді-ау».

Ол күндердің куәсі боларлық бір пендені тірі күйінде кездестірем бе деген үмітінің шындыққа үйлеспейтінін сезген шал өзін-өзі сөгіп, қай-қайдағы ойдың қайдан келетініне кейіп, шошынып, «алжыппын» деп мойындап, бөгеттен түсті. Ерекең шай үстінде көп сөйлемейтін. Сол әдетімен үнсіз тұқиып, қолдарының білеуленген тамырларын ұстап, ақ селеу сақалын сипап, ойланып отыр. Бас жағында сүйеулі тұрған ескі домбыраға шұқшиып қарады, қолына алған жоқ.

— Бір құй, — деді тершіген ақшыл білегімен кесесін нұсқап, — шөл қанатын емес. Ішім кеуіп кетті.

— Сапашжандар неге кешікті екен? Кеше емес пе келем дегені.

— Келетін шығар бүгін.

— Сен шал осы жөнінді айтшы дұрыстап. Осы келгенде Жеңістайды алып қаламын деп тұрсың ба? Жоқ, әлде еріп өзіміз кетеміз бе?

— Бос сөз сөйлеме.

— Несі бос сөз. Менің өлейін деп отырғаным мынау. Шай қайнатып беруге де шамам келетін емес.

— Ыһ. Баяғыда қосыларда кәрісініп ең, жарамауға айналдың ба?

— Жоғалшы әрі. Ұят жоқ, аят жоқ, қартайғанда не болса соны... Құдай біледі, осыны жұрттың көзінше де айтасың ғой.

Ерекең кеңкілдей күліп, орамалмен көзін сүртті.

— Қайдан білейін, қит етсе шамам жоқ, шамам жоқ деп шыға келеді. Әлде...

— Ерекең сөзін аяқтамай тізесін ұстап, — екі тізем қақсайтыңды шығарыпты, кемпір, — деді неге қақсайтынына түсінбегендей ақжемденіп кеткен боз көздерімен ажырая қарап.

Кемпір жауап қатпай, самауырды алып, шығып кетті. Ерекең шалқасынан жатып, ашық түндіктен аспанға қарады. Ақ шарбы бұлттар көшпей, бір орында тұр екен.

— Қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар, — деп мақалдап, көзін жұмды. Ерекең ұйықтамаса да көзін жұмып отыруды ұнататын. «Уақыт шіркін зымырап өтті де шықты. Тәңірінің құдіреті күшті-ау. Енді міне, тірліктегі ырыздықнесібенің таусылуы да тақады. Әйтеуір артымызда бір жаман бар. Тұяқсыз пенде емеспіз... Жылда қолдарына шақырады. — Ерекеңнің ойына кемпірінің сөзі түсті. — Уай, ақымақ кемпір. Өлер шақта тұрмыс қуып, тентіреп жүре алмаспын. Ағайын жұрт, өз еліндей елді табамын деп отырсың ба басқа жақтан... Айдаладағы бір қаладан».

Ерекең көзін ашып қалып еді, шаңырақта тұрған ақ шарбы бұлтты тағы көрді. «Бұл дүниенің бұлай тез өтерін кім білген. Заманымызда біз де шалқыдық. Сайраңдап бақтық. Бірақ ештеңе бітірмеппіз. Е, шіркін, баяғының кісілерідей! Осы күнгінің адамы ұсақтап кетті ғой. Әйнекібайлар тізерлеп отырғанда түрегеп тұрған адаммен бірдей еді. Пай-пай, жарықтықтар-ай! Біз күзектеміз сонда... Атты қазақтар үстіміздан өтіп, адамдарды атып, ауылды тонап, жылқы алып кетіп жатты. Сонда Әйнекібай екеуіміз ауыл адамдарын жиып, қол бастап, ұйықтап жатқан орыстарды байлап тастап едік».

Ерекең уақыт бойынша қуалап, өзінің ғұмырындағы бірлі-жарымды ерлік істерін көз алдынан өткізіп жатты.

«Е-е, еске түсіргенмен не пайда. Біздің қолдан келері тек осы жерде дәм-тұз бітсе, ата-баба қабірі тұсынан бір уыс топырақ бұйырса, қалғанын бір құдайға тапсырып, ризашылық білдіру». Сөйтіп жатып Ерекеңнің көзі ілініп кетті.

Машинаның гүрілінен оянды. Шаңқай түс. Іргеге созылған сол қолына күн сәулесі түсіп, қыздырып тұр.

— Ойбай, бала келіп қалды, — деп кемпір үйге жүгіріп кірді. — Әй, біліп ем ғой бүгін келерін.

Заматта гүріл үй сыртына келді. Бір-екі рет үстемелете арылдап, өшіп қалды. Машинадан улап-шулап түсіп жатыр. Бала даусы, әйел даусы... Ерекең қапелімде тұра алмай қалды. Тырбыңдап, қолымен жер тіреп жатқанда:

— Ассалаумағалейкүм, — деген бірнеше дауыс қатарынан шықты. Ауыл жігіттерінің бірі болу керек:

— Үйбай-үйбай, шалды қара, тұра алмай жатыр, — деп шиқылдап күліп жіберді.

— Қуаныш қой, қуаныш. Қуанған мен қорыққан бірдей дейді ғой.

— Қуаныш құтты болсын!

Ерекең жаңа қаз тұрған балаша тәлтіректей көтеріліп, ат жақты, қапсағай сары жігітті құшағына қысты. Одан соң омырау, жеңдері ашық, шұбар көйлек киген, шашын қидырған топ-толық, ақсары, ажарлы келіншекті шіміркеніңкіреп, маңдайынан сүйген болды.

— Әлгі жаман қайда? Әкеліп пе едіңдер?

— Әкелдік қой. Әй, Жеңіс қайда? Жеңіс!

— Жеңіс!

Жаюлы сөреден құрт алып үлгірген аяқ-қолы шидей, көзі қитар, алтылар шамасындағы ұл бала табалдырықты кесіп тұра қалды.

— Бар, бар, атаңа бар.

Шал өзіне зорға келген немересін бауырына басып, бетінен сүйді. «Ой, тентек, атаны сағынбайсың-ау», — деп жаулықтай үлкен ақ орамалының шетімен көзін

сүртті.

— Кел, келе ғой, әй, — деді есік жақтан көрші кемпірлердің бірі қолын созып. — Шалдың баласысың ғой, кел.

Қитар ұл енді ешкімге бармады. Тіпті шақырған Ерекеңнің өзіне де жолаған жоқ.

— Келсеңші, ей, жаман неме. Өзі қазақша білетін бе еді, Сапабекжан? — деп әлгі кемпір қапсағай сары жігітке қарады.

Сапабек алдына келген баланың қысқа кекіліне қолын тигізіп:

— Ептеп түсінеді, — деді.

— Қой, қазақша үйретіңдер.

— Алдымен анау отырған шешесі қазақша білмейді, қайта бұған кінә жоқ, — деп Сапабек қазақша білмейтініне риза болғандай күлімсіреп, ақ сары келіншегіне

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Әңгіме

қарады. — Тома, мынаның бет-аузы кір, жуындыршы, — деді орысшалап.

Көп ұзамай ауыл қонақтары да жиналып қалды. Ерекең сыртқа шығып, қой-ешкілерін жинап, бір семіз тоқтысын ұстап, бауыздап, «қолыңның қаруы бар ғой» деп кепкесін теріс киген бір жігітке терісін іреттіртіп, мүше-мүшеге бөлдіріп, қалғандарын қатындарға тапсырып, үйге кіргенде бағанағыдай емес, әңгіме қыза түсіпті. Көрші ауылдан шалдар келген. Сөйлеп отырған Сапабек.

— Жалпы геология халық тіршілігінің ең басты қажеттілігіне айналды, — деді ол «мұны тыңдап алыңдар, бұл өте қажет жері» деп балаларды өзіне қаратқан мұғалімдей жастар жағын көзімен шолып. — Мынау тұрған жердің асты — тұнған байлық. Біздің Қазақстанда өте сирек кездесетін элементтер бар. Асыл тастар қаншама! Меруерт, маржан, інжу, жақұт, гауһар — не керек, бәрі бар. Гранитке байланысты пайда болатын мөлдір, қызыл, көк түсті слюда, ашық қызыл микроклин, мөлдір көк флюорит, қою жасыл турмалин, қан қызыл граниттердің өзі неге тұрады. Бұл жөнінен бар ғой, бұл жөнінен біздің Қазақстан бүкіл дүние жүзіне әйгілі.

— Шырағым-ау, — деді қатар отырған қоңқақ мұрынды Абыл қарт. — Сол тасыңнан өзі пайда бар ма? Маған біреуін әкеп берсеңші.

Тілі ащы шалдың қиқар сөзіне бұрын күліп үйреніп қалғандар қарқылдап күлісіп алды.

— Оның пайдасы деген пайда шашетектен, ақсақал. Мәселен, сонау Украина гранитті бізден алады. Оны өңдеу тәсілін шығарған да біздің ғалым. Жалпы мұның маңызы деген маңыз тіптен керемет.

— Қайдам, — деді Ерекең. Осының маңызына онша түсінгісі келмей, — осы бір тастардың соңында кеттің ғой өзіңмен өзің болып. Тым болмаса жылына үйге бір апта да түнеп кетпейсіңдер.

Сапабек әлденеге қынжыла күлді. №2 ферманың санитары, жуан қара Ермен-тай шалдың надандығын бетіне басты.

- Шалдар бар ғой, әйтеуір кері тартасындар да отырасыңдар. Ал сенің қасыңда қалды, бала бақты, сені бақты. Ал сонда не бітірмек. Осынша оқып, мына колхоздың жұмысын істемек пе? Мейлі, бағы алда. Ғылым қуды... Абай айтқан емес пе: «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», — деп. Сол айтқандай, осы сендер мен біз құр қалған қалпымызда қала берейік. Балаларға тыйым салуға болмайды. Солай емес пе, Бәке?

— Әрине, әрине, — десті біреулер.

Бұдан соң Сапабек дүйім жұртты аузына қаратып, өзінің Лондонға, Будапештке, Мароккоға, Италияға барған сапарларын әңгімеледі. Бөтен, жат халықтардың дәстүрін, мәдениетін, адамдарын мақтады. Италиядағы кедейлердің ауыр тұрмысына аяныш білдірді. Шалдарға бұл әңгімені түсіну тым қиын еді. Сондықтан олар жастарға араласпай, өздеріне түсінікті басқа әңгімеге ауысты. Босағада отырған Тома мүлде жалғыз қалды. Қала қыздарына тән епсіздікпен кішкентай қиықша көрпенің үстінде қалай отырарын білмей, біресе қолымен жер тіреп, бір жамбастап, жұрттың сөздеріне толық түсіне қоймай, әркімге бір қарап, үнсіз отырды. Кенет енесінің самауыр көтеріп келе жатқанын көріп, жүгіріп барып:

— Аже, бер, дайте мне, дайте, — деді елпектеп.

Бұрқырап самауыр келді. Қызыл жолақ дастарқан жайылып, майы шылқыған күрең бауырсақтар төгілді. Шайды Тома құйды. Кемпір онша сеніңкіремей, қарсы отырып, қосарланып сүт құйып: «былай, былай, иә, солай, сүт құй, ақ су, шай» деп бір-біріне байланыспайтын бір сөздерді айтып отыр. Сөйтсе жақсырақ түсінеді деп ойлайтын секілді.

Сапабек жастыққа шынтақтай жатып:

— Геологияның болашағы деген болашақ керемет қой. Әрине, ешбір қоғам мұнсыз күн көре алмас еді, — дегенде әзілқой шалдардың бірі Ерекеңе:

— Өлетін кезің болды. Кезек сенікі, енді неге өлмейсің, — деп қолқалап отырған кезі еді.

— Иә, иә, Қазыбай тұқымында жетпіс беске келген ешкім жоқ. Мына Бектеміс жетпіске жаңа жетті. Кезек өзіндікі. Киімдеріңді қимай отырсың ба? Бөркіңді, есіңде болсын, өзім аламын, — деді шоқша сақалды, қара шал қулана күліп.

Ерекең көзі жұмулы, риза болғандай: «Е-е», — деп жымиып қояды.

— Ереке-ау, ішігің менікі онда, — дейді Абыл қарт.

— Е-е.

— Былтырғы бір оюланған мәсің қайда...

— Әй, шал, бешпентіңді маған берерсің.

— Е-е.

— Таяғыңды мен алам.

Ерекең көзін адырайтып ашып алды.

— Шатпа, — деді көздері қызарып, — ой, жаман Қазыбайдың тұқымы, шатпай отыр... Таяқты ешкімге де бермеймін. Баламдікі.

Шалдар насыбайдан сарғайып кеткен сойдақ тістерін көрсетіп, әрқайсысы әрқалай, қарқылдап, кеңкілдеп, қайсыбірі жөтел қысқандай булығып күлді.

Даладан жүгіріп келген қитар ұл Томаның жанына тізерлеп отыра қалды:

— Мама, мама, ребята идут к озеру...

— Ты что сума сошел! — деді Тома әрі сөйлетпей. Дауысы шаңқ ете қалғандай болды, өйткені осы кезде шалдар оқыс жалт қараған еді. Тома ұялғандай болып, баласының құлағына зәрін төгіп сыбырлады.

— Біздің мынау да геолог боламын деп жүр, — деді Сапабек иегімен ұлын көрсетіп.

— Әке жолын қуалайын деген ғой.

— Бос сөз сөйлемевдер! — Ерекең жастар жағына зекіп қалды. — Әке жолын қуса, мына менің жолымды қусын, Ие болсын мына қу шаңыраққа!

Жұрттың бәрі тым-тырыс.

— Жастардың бәрі сол, Ереке, — деді Абыл күрсініп. — Менің әлгі кішкентайым, құдай-ау, немене дейді... бірдеңе боламын дейді. Мені бақпайсың бадесем, хе-хе-хе... бақпаймын дейді. Хе-хе-хе.

— Eh-eh-eh... сол-сол.

Ерекең күлген жоқ.

— Сонда бұлар кім үшін туған, — деді кейіп. — Кімге керек сонда бұлар.

Сапабек осы сөздердің тура өзіне айтылып отырғанын мойындағандай, маңайындағыларға көзін қысып, жымиып қойды.

Жұрттың бәрі шай ішіп болып, Ерекең бәле-жаланың бәрін жатқа жіберіп, бақ пен ырыс, несібені от басы, ошақ қасына қалдырып, шаңырақтың амандығын тілеп, бата қайырды. Шалдар да, жастар да, тіпті Тома да қолдарымен бетін сипады.

Күн еңкейіп, шаңырақтан құлаған ақ сәуле жоғарыға, туырлыққа шығып кетті. Шалдар құбылаға қатар тұрып, бесін намаздарын оқыды. Біраздан соң ет келді. Сапабек жастар жағына чемоданынан югославиялық коньяк алып құйды. Жұртқа бұрандалы тығынын көрсетіп, югославиялықтардың коньякты сол тығынға құйып ішетінін айтты. Жалпы еуропалықтардың ішімдік жағына жоқ халық екенін әңгімеледі. Ауыл қонақтары еттен соң тарап кетті. Кешкілік тағы да қонақтар келді. Тағы да ет асылды, югославиялық коньяк құйылды. Югославиялықтардың бұрандалы тығынға құйып ішетіні айтылды.

Ерекең еттен соң ұзын, сүйір аршасымен тісін шұқып отырғанда, Сапабек қайдағы бір қар адамы жайында, Америкадағы ұлттардың теңсіздігі жайында, қазіргі жетілген техника жайында қызық бір әңгімелерді соғып отыр еді.

— Әй, доғаршы енді, — деді Ерекең шыдай алмай. — Анау өзіміздің Аспандиярға домбыра берші, ән салсын.

— Ал ән тыңдайық, — деп, кисайып жатқан жұрт бастарын көтеріп алды.

Иегі шығыңқы, ірі, қапсағай жігіт кішкене ескі домбыраньщ ішектерін арбиған саусақтарымен еріне шертіп, құлағын бұрады. Біраз дыңылдатып отырып, сен үшін айтып отырмын дегендей Сапабекке қарап, жуан қоңыр дауыспен жеңіл бір әнді былқылдатып бастап кетті. Әнді толық айтпай, ортасынан үзіп тастап, домбырасын қайта бұрады.

Ерекең ашық түндіктен жұлдыздарға қарап жатқан. Әлдеқалай көңілі онша көтерілмей, немересінің шақырғанға келмегеніне, келінінің аяқ-қолының жалаңаш отырғанына, Сапабектің таусылып бітпейтін мылжың әңгімесіне қырыстанып отырған.

— Әй, айтатын болсаң, айтсаңшы, — деді ақырып. — Кешегі әкең Дүйсенбі домбыра саусағына тиер-тиместе айғайлайтын. Неден мұнша жаман болып тудыңдар.

Аспандияр бағанадан осы сөзді күтіп отырғандай, домбыраны тырнаңқырап қағып-қағып жіберіп, тамағын кенеп алды. Кенет соншалықты зор, биік дауыспен шырқай көтеріп, тынып қалып, домбыраны қайта сөйлетті. Одан соң алғашқы ащы айқайға түк қатысы жоқ жоғарғы ішектен күмпілдеген бір әнге ілесіп кетті:

— А-а-а-а...

Неғылып жөнге келмей тұр.
Домбырамның пернесі...
Ерекеңнің көзінен бір от жылт етіп:
— Е, осылай термеңе бас, — деді.
— Балалы арқар баурайды,
Баласыз арқар зарлайды.
Атасы жаман қандай-ды,
Бас білмейтін нардай-ды.
— О, шіркін, сөз-ақ қой!

Ақынның жерлестері, осы өлкенің азаматтары, жалпы қазақстандықтар жақында ақынға тағы бір ерекше құрмет көрсетті. Ауыл төрінде Ілияс Жансүгіруұлының ер тұлғасына сай ескерткіші болса да балалық бал дәурені өткен туған жеріне ақынның бала бейнесін орнатты. Соған орай Ақсу ауданының орталығы Жансүгіров кентіндегі орталық алаңда Ілияс Жансүгіров ескерткішінің жанында еске алу жиыны өтті.

Шараға Қазақстан Жазушылар одағының екінші хатшысы қаламгер-журналист Мереке Құлкенов, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Дәурен Қуат, облыстық «Жетісу» газетінің журналисі Қуат Қайранбаев, ақынның ұрпақтары, «Ілияс Жансүгіров қорының» президенті Ажар Жандосова, Алматы облыстық ҚХА жанындағы Қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Оралбек Жақиянов, «НАҚ Бірлік» қоғамдық қорының төрағасы, кәсіпкер Мақсұт Қалажанов, І.Жансүгіров университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, «Ілиястану» орталығының меңгерушісі Мұратбек Иманғазинов, аудан ақсақалдары, әкімдік қызметкерлері мен мектеп ұстаздары, аудан тұрғындары қатысты.

Жиналған қауым ақынның 125 жылдық мерейтойына орай орнатылған ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын бір минут үнсіздікпен еске алды.

Еске алу шарасында алғашқы сөз сөйлеген Ақсу ауданының әкімі Есім Базарханов жиырмасыншы ғасырдағы ашаршылықта миллиондаған қандастарымыздың қырылып, ұлт қайраткерлерінің талқандалған тағдыры туралы, саяси қуғын-сүргінге ұшырағаны жайында айтты. Келген қонақтар ақынның өнегелі өмірі мен шығармашылығынан мол мағлұматтар келтірді.

Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған шара жоңғар басқыншыларына қарсы соғыста ерен ерлігімен танылған Бөрібай батыр ескерткіші қойылған алаңда Ілиястың бозбалалық шағына арналған кіші архитектуралық мүсінінің ашылу рәсімімен жалғасты. Аудандық мәслихаттың төрағасы Бейбіт Сүлейменовтің құттықтау сөзінен кейін аудандық мешіт имамы Анарбай Мәмбетов құран бағыштады. Халықаралық Кетбұға-Төлегетай қорының Президенті Қайрат Мусинге, Ілияс Жансүгіровтің ұрпағы Ләйлә Жансүгіроваға сөз берілді. Шара барысында мектеп оқушылары ақынға арнаған арнауларын оқып, Талдықорған қаласынан арнайы барған әншілер кешті әсем әнмен әрлеп, тамаша көңіл күй сыйлады.

Бөрібай батырға ескерткіш орнатуға және оның жанына бала Ілиястың кіші мүсінінің қойылуына Берікбол Қасымов пен басқа да жетісулық атқамінер азаматтар мұрындық болып, халық қаражат жинаған. Айта кету керек, осы уақытқа дейін Қазақстан бойынша бірде-бір өнер адамның бала кезіне арналып ескерткіш орнатылмаған екен. Ақсу ауданы бірінші болып осындай ескерткіш орнатты.

Қазақ әдебиетінің шоқтығы биік тұлғасы Ілияс Жансүгіровтің: «Өз ұлын өз ерлері ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді?!» деген ұрандай болып қалған сөзін жерлестері жерге тастамай, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында Ақсу өзенінің жанынан бала Ілиястың ескерткішінің бой көтеруі қазақ поэзиясының Құлагері атанған ақынға деген зор құрметтің белгісі.

Ақын Алатаудан бастау алып, Балқашқа құятын Ақсу өзеніне арнап:

Ағынды менің Ақсуым,
Арқырап әлі ағарсың.
Тас тарпуын, шапшуын,
Қарасаң қайран қаласың,
Жалғыз жазғы бір кеште,
Жағаладым жағасын, – деп жырлады.

Бұл Ілияс Жансүгіровтің 1921 жылы жазған өлеңі еді. Енді, міне, тура жүз жылдан кейін Ақсу өзенінің жанынан бала Ілиястың ескерткіш мүсіні бой көтерді. Қайран ақын дәл бір ғасырдан кейін өзі жағасын жағалап өскен Ақсу өзенінің бойынан ескерткішінің орын алатынын сезбеген де болар...

Салтанат ТӨЛЕГЕНОВА,
І. Жансүгіров әдеби музейінің
аға ғылыми қызметкері.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУ

ЖЕҢІМПАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Жаңа музыкалық композициялар мен әлеуметтік маңызы бар патриоттық әндердің ашылуы, отандық авторларды қолдау, халық музыкасына, Отанға қызмет етуге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мақсатындағы «Елге арнау» II республикалық композиторлар конкурсының жеңімпаздары марапатталды.

І.Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өткен шараға облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мәрлен Көлбаев, Серік Еркімбеков, Ермұрат Үсенов, Артық Тоқсанбаев, Әли Алпысбаев сынды композиторлар және әнші Айгүл Қосанова қатысты.

Аталмыш байқауға қатысуға республиканың барлық өңірінен 4 номинация бойынша 37 өтінім келіп түскен. «Іріктеу кезеңінен 19 қатысушы ақтық сынға жолдама алды», – дейді байқауға әділқазылық етушілер.

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мәрлен Қапашұлының айтуынша екі аптаға созылған сайыс жоғары дәрежеде өтті. Өз сөзінде ол бағалау кезеңіне жауапкершілікпен, ыждағаттылықпен қараған әділқазы мүшелеріне алғысын білдірді.

Сайыс қорытындысы бойынша «Халық аспаптары оркестріне немесе фольклорлық-этнографиялық ансамбльге арналған шығарма» номинациясын талдықорғандық Мақсат Нұрланов, «Үздік ән» номинациясын Нұр-Сұлтан қаласынан Толқын Қайынова, «Жетісу өлкесіне арналған ән, шығарма» номинациясы талдықорғандық Данияр Құрамысовқа, «Халық аспаптары оркестрінің сүйе-мелдеуімен жеке аспапқа арналған шығарма» номинациясын Орал қаласынан Еркін Нұрымбетов иеленіп, бірінші орыннан көрінді. Барлық жүлде-герге 500 мың теңгенің сертификаты және арнайы диплом табыс етілді. Ал, екінші және үшінші орыннан көрінген жеңмпаздар сәйкесінше 150-300 мың теңгенің сертификатын иеленді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫЙ АКТ

БУДЕТ ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ АППК

С 1 июля 2021 года будет введен в действие Административный процедурно-процессуальный кодекс (АППК), он состоит из двух частей: административные процедуры и административное судопроизводство, в связи с этим уже с 1 июля 2021 года силу утрачивают законы «Об административных процедурах» и «О порядке рассмотрения обращений физических и юридических лиц», также прекратит свое действие ряд норм Гражданского процессуального кодекса, включая главы 27 - 29, и нормы других кодексов и законов связанные с введением административной юстиции.

АППК представляет собой уникальный законодательный акт, который впервые был принят в истории независимого Казахстана, регулирующий порядок проведения административных процедур, включая и внутренний порядок в государственных органах, а также порядок разрешения споров по публично правовым отношениям в судах.

Административное судопроизводство - носит публично-правовой характер, основной функцией адм.судопроизводства является рассмотрение и разрешение административных дел. Административное судопроизводство, также и как любое другое судопроизводство имеет единую конституционную цель защиты прав и свобод человека и гражданина, прав и законных интересов организаций.

Взаимосвязь между административной процедурой и административным судопроизводством является защита прав и законных интересов граждан и организаций в публично-правовых отношениях.

В АППК закладываются новые для национального законодательства принципы: охраны права на доверие, соразмерности, приоритета прав, запрета на злоупотребление формальными требованиями, активная роль суда, разумный срок судебного разбирательства и другое. Вводятся также и такие новые правовые категории, как административный орган, административный акт, административное действие (бездействие).

Кроме того дает понятие административному органу и подразумевает не только государственный орган, но и иные субъекты, наделенные полномочиями в области государственного управления (саморегулируемые организации и т.п.). Сами административные акты будут подразделяться на благоприятные – предоставляющие новые права, прекращающие обязанности, улучшающие положение и обременяющие – прекращающие права, возлагающие обязанности, ухудшающие положение.

Вместе с тем АППК внедряет и обязательное досудебное обжалование, за исключением отдельных категорий споров (например, налоговые, таможенные споры), где предусмот¬рен особый порядок обжалования решений указанных органов.

Как ожидается, принятие АППК приведет к повышению прозрачности и эффективности деятельности государственных органов, закреплению гарантий защиты прав граждан и бизнеса в процессе принятия решений государственными органами и при рассмотрении споров с государственными органами в вышестоящем органе и суде, снижению коррупционных рисков и нагрузки на судебную систему.

Нуржан КАДЫРБЕК,
судья СМУС Алматинской области.

ОБРАЗОВАНИЕ

ПОДГОТОВИЛА 70 СПЕЦИАЛИСТОВ–ИХТИОЛОГОВ

В АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ ДЕЙСТВУЕТ УНИКАЛЬНЫЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЦЕНТР - «ШКОЛА РЫБОВОДСТВА». УЧЕБНЫЙ ЦЕНТР ОТКРЫЛСЯ В ИЮНЕ ПРОШЛОГО ГОДА И ЗА ЭТО ВРЕМЯ ПОДГОТОВИЛА 70 СПЕЦИАЛИСТОВ ДЛЯ РЫБНОГО ХОЗЯЙСТВА, СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА ОБЛАСТНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ.

Основатель школы - руководитель Иссыкского форелевого хозяйства, ихтиолог Марлен Турсынали. Выпускник Казахского национального университета имени аль-Фараби по специальности рыбное хозяйство и промышленное рыболовство прошел курсы повышения квалификации в Испании. Работал лаборантом в Казахском научно-исследовательском институте рыбного хозяйства. Получив хороший опыт работы в рыбной индустрии, в 2015 году он открыл собственное хозяйство. В настоящее время в форелевом хозяйстве выращивается около 10 видов рыб. В год производится более 300 тонн продукции.

По словам предпринимателя, одной из самых актуальных проблем в рыбной отрасли является нехватка квалифицированных специалистов. Именно поэтому год назад открыл «Школу рыбоводства».

«Наша основная цель – подготовить больше профессионалов, экспертов в рыбном хозяйстве, увеличить количество рыбных хозяйств стране. За год мы подготовили 70 специалистов, из них более 10 участников открыли свое собственное дело. На наших теоретических и практических занятиях рассказываем об особенностях кормления, выращивания, лечения, разведения рыб», - говорит Марлен Турсынали.

Учебный курс длится 10 дней. За это время участников будут обучать различным специальностям таким как, рыбовод, ихтиопотология, экономика рыбного хозяйства, проектирование рыбного хозяйства, гидротехника рыбного хозяйства. После успешного прохождения курса участнику вручается сертификат об окончании обучения.

Енбекшиказахский районный филиал Палаты предпринимателей Алматинской области оказывает всестороннюю поддержку учебному центру.

«Мы тесно сотрудничаем с учебным центром и проводим информационно-разъяснительную работу. Активно консультируем участникам по вопросам открытия бизнеса, мерам государственной поддержки предпринимательства, а также в дальнейшем готовы сопровождать их проекты», - рассказала директор Енбекшиказахского районного филиала Палаты предпринимателей Бахытгуль Дуйсебекова.

Ш. БАТЫРОВ.

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

НЕДОВОЛЬНЫ РАБОТОЙ ПОРТАЛА «E-ZHETYSU»

Как сообщает пресс-служба областной палаты предпринимателей, представители сферы частного дошкольного образования озвучили проблемные вопросы по закреплению детей в детские сады посредством портала «e-zhetysu».

По словам предпринимателей, автоматизированная услуга по приему документов и зачисления детей в дошкольные организации образования доставляет большую проблему как для родителей, так и для детских садов. Процесс закрепления детей должен быть оптимизированным и удобным, считают представители бизнеса.

Об этом предприниматели озвучили на заседании Комитета по частному образованию при Региональном совете Палаты предпринимателей Алматинской области. Последние три года государственная услуга по постановке на очередь детей в детский сад осуществляется через портал «e-zhetysu» - централизованную базу данных подведомственных учреждений акимата Алматинской области.

По словам члена Комитета, соучредителя Казахстанской ассоциации непрерывного образования (КАНО) Маржан Ахмеджановой, стандарт государственной услуги «Прием документов и зачисление детей в дошкольные организации образования» стал для частных дошкольных организаций административным барьером.

«Если раньше услуга проходила через один портал, то сейчас созданы сразу три портала. На первом портале юридические лица посредством ЭЦП-ключа размещают свободные места. Активными они становятся через трое суток с 00.00 часов. На этом же портале родитель ребенка подает заявление на свободное место, но направление получает только через 24 часа. После получения направления родитель через ЭЦП-ключ должен зайти на второй портал, заполнить длинную анкету, прикрепить документы: справку об эпидокружении, паспорт здоровья ребенка, направление. На третьем портале после загрузки всех данных дается 30 минут, чтобы завершить зачисление ребенка. Иначе за просрочку предусмотрена ответственность. Учитывая все процедуры и другие технические возможности за 30 минут невозможно выполнить эти работы. Поэтому мы предлагаем внести изменения в существующие нормативно-правовые акты и увеличить срок зачисления с 30 минут до одного рабочего дня, как при рассмотрении документов в школы», - заявила Маржан Ахмеджанова.

Также, по ее словам, дополнительное заполнение анкеты является дублированием предоставляемых данных для портала. Введение нескольких порталов, добавление набора многочисленных данных доставляет затруднения и препятствует эффективной реализации государственной программы. В связи с чем. работа портала не соответствует приказу №254 Министерства образования и науки (МОН) от 19 июня 2020 года, отметили члены Комитета.

Член Комитета по частному образованию, директор филиала КАНО по городу Талдыкорган Роза Егинбаева привела в пример работу аналогичного сервиса для дошкольного образования «Индиго», который функционирует в ряде других регионов. Роза Егинбаева в своем сравнительном анализе двух порталов предложила внедрить ряд нововведений в «e-zhetysu», чтобы упростить работу родителям, государственным органам и бизнесу.

«К примеру, в аналогичном приложении есть чистка очереди, то есть обновляются неактуальные заявки, тогда как на «e-zhetysu» годами висят неактуальные обращения родителей о закреплении детей. В течение года в системе накапливается до 40 процентов неактуальных заявлений, в результате чего очередь увеличивается и замедляется процесс распределения мест. Есть фамилии детей с идентичными ИИН, которые повторяются два-три раза. Кроме того, при заполнении данных на странице нет функции возврата на предыдущую страницу, в частности при выборе ответственного сотрудника учреждения дошкольного образования, - отметила Роза Егинбаева.

Владельцы портала - представители КГУ «Центра информационных технологий» отметили, что готовы рассмотреть предложения бизнеса по совершенствованию портала.

«Все функции портала разработаны согласно приказу МОН. Однако учитывая предложения бизнеса, мы можем усовершенствовать сервис, сделав его более удобным и простым для пользования. Мы готовы совместно проработать имеющиеся вопросы. По ряду озвученных предложений уже ведутся работы», - отметил инженер Алмас Абейталипов.

Заместитель директора по правовым вопросам Палаты предпринимателей Алматинской области Канат Кабдиев подчеркнул, что необходимо совместными силами улучшить функционал и устранить дублирование данных.

В ходе заседания также обсужден и утвержден план работы Комитета по частному образованию. Большинством голосов председателем Комитета избрана Маржан Ахмеджанова.

На следующем заседании планируется рассмотреть обращения предпринимателей Жамбылского района по вопросу несвоевременной выплаты объема подушевого финансирования за декабрь 2020 года.

Ш. ХАМИТОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҰЛТТЫҚ СПОРТ

ОБЛЫСЫМЫЗДА ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРІНЕН 1607 СЕКЦИЯ ЖҰМЫС ЖАСАЙДЫ. ОСЫ СПОРТ ТҮРЛЕРІМЕН 55 МЫҢНАН АСТАМ АДАМ ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ШҰҒЫЛДАНАДЫ. БҰЛ ӨЗ КЕЗЕГІНДЕ ОБЛЫС ӘКІМДІГІНІҢ ТАРАПЫНАН КӨРСЕТІЛІП ЖАТҚАН ҚОЛДАУДЫҢ НӘТИЖЕСІ.

ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНА ЖОЛДАМА ҰТЫП АЛДЫ

Жетісу жерінде ұлттық спорт түрлерінен, атап айтсақ, «Саят», «Сонар» халықаралық жарысы, ұлттық ат спорты түрлерінен «Жетісу жүйрігі», «Жетісу бөрісі», «Алтын сақа» «Ақбидай» ауыл ойындары сынды ірі жарыстары ұдайы ұйымдастырылады. Аймақта ұлттық спортты дамыту жұмыстары қарқынды жүргізіліп келеді. Бүгінде Талдықорған қаласында және Қарасай ауданында ұлттық және ат спорты түрлерінен мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі және Талғар ауданында ұлттық және ат спорт түрлерінен орталығы, Қапшағай қаласында ат спорты мектебі жұмыс жасауда. Бұл қатарда техникалық спорттың да кенжелеп қалмағанын атап өткен жөн. Өңірде 250 адам техникалық спорт түрімен айналысады. Оған парашюттық, автомобильдік, мотоциклдік, желкенді спорт және байдарка мен каноэдан есу түрлері кіреді.

«*Ұлттық спортты дамыту – жас буынның тарихи санасын жаңғыртудың бір жолы. Баршаға белгілі, тарихи сана қалыптаспай, отаншылдық сана орнықпайды. Ал тарихи сананың тұғыры қашанда ұлттық болмыстан. Алдағы уақытта да мәдениетіміз бен құндылықтарымыздың бір бөлшегі болып табылатын ұлттық спорт мәселесін көтере отырып, облыста бұқаралық спортты және балалар спортын дамытатын боламыз*», – дейді Алматы облысы денешынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаев.

Осы жылы спортшылар ҚР чемпионаттарында 10 алтын, 15 күміс және 12 қола медальді қанжығаларына байлаған. Сонымен қатар 23 шілде – 8 тамыз аралығында өтетін Токиодағы XXXII жазғы Олимпиада ойындарына 9 бірдей жолдаманы ұтып алыпты. Мұнымен қоса тас жолдағы велоспорт, жеңіл атлетика (ядро лақтыру), ауыр атлетика және жүзу спорт түрлерінен 4 спортшы жолдама иеленуге үміткер болып табылады.

Өз сөзінде Нұрбақыт Теңізбаев бұқаралық және балалар спортын дамыту мақстында Алматы облысында ағымдағы жылы жан басына шаққандағы қаржыландыру механизмін іске асыру барысында спорттық секцияларда 6000 баланы қамту жоспарланып, жұмысты бастауға жергілікті бюджеттен 250 млн. теңге қаражат бөлінгенін де тілге тиек етті.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

АУДАН ТЫНЫСЫ

СПОРТ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ

Елбасының 100 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу туралы тапсырмасына орай Алматы облысында тағы бір осындай спорттық кешен ашылды. Жаңа нысан Көксу ауданының Балпық би ауылында салынды. Енді ауылдағы 17 мың тұрғын мұнда денсаулығын шыңдап, кәсіби спорттың 12 түрімен айналыса алады. Бұл туралы *Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.*

Елді мекен тұрғындарын қуаныштарымен Көксу ауданының әкімі Алмас Әділ, еркін күрестен Олипиада ойындарының қола жүлдегері Мәулен Мамыров және ардагерлер арасында гір көтеру спортынан әлем чемпионы Жұмахан Күзбаев құттықтап, ауыл жастарына табандылық пен қажырлылық, спортта зор жетістіктер тіледі. Ғимараттың салтанатты лентасы қиылды.

Заманауи спорт кешенінің құрылысына 673 млн. теңге жұмсалды. Ғимараттың жалпы алаңы 3 мың шаршы метр. Күрес, бокс, командалық ойын залдары, скалодром, тренажер залы жабдықталған, сол сияқты 180 орындық көрермен трибунасы бар. Баскетбол, волейбол, гандбол, минифутбол, бадминтон, бокс, теннис, күрес сияқты спорттың 12 түрімен айналысуға барлық жағдай жасалған. Сонымен бірге жабдықталған медициналық кабинет, душы бар киім шешетін орын, гардероб, 16 орындық буфет те бар. Мүмкіндігі шектеулі жандардың да спортпен айналысуына барлық мүмкіндік қарастырылған.

Атап өтсек, бүгінгі күні Алматы облысында 15 дене шынықтыру-сауықтыру кешені жұмыс істейді. Сол қатарда шалғайдағы Райымбек ауданының Нарынқол ауылында және Балқаш ауданының Бақанас ауылында да жаңа спорт кешендері салынды.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

БЖЗК

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Еңбек мигранттарының құқықтары туралы

Бұдан бұрын хабарланғандай, ағымдағы жылдың басынан бастап Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы Келісім (бұдан әрі – Келісім) күшіне енді.

Келісімнің негізгі мақсаты – ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер еңбекшілерінің зейнетақы құқықтарын жұмысқа орналастырушы мемлекеттің азаматтары сияқты жағдай мен тәртіп бойынша қалыптастыру. Бұл ЕАЭО-ға мүше әрбір мемлекет ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттердің азаматтарына зейнетақымен қамсыздандыруға арналған құқықтарды өз азаматтарына берілетін құқықтар көлемімен бірдей етіп беруге кепілдік береді дегенді білдіреді. Яғни, ЕАЭО-ға мүше әрбір мемлекет еңбекшілердің өз аумағында 2021 жылғы 1 қаңтардан кейін жинаған жұмыс өтілі үшін өз заңнамасы бойынша зейнетақы төлейді.

Қазақстанда келісімді іске асыру бойынша құзыретті орган БЖЗҚ болып табылады.

Осыған байланысты БЖЗҚ жыл басынан бері бұқаралық ақпарат құралдарында және халық арасында еңбекшілерді жұмыс бабымен көшіп-қону жағдайындағы өз құқықтары туралы ақпараттандыру мақсатында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерде, оның ішінде Қазақстанда жұмыс берушілермен еңбек қатынастарын ресми ресімдеу қажеттігіне, яғни еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарттарды міндетті және уақытылы жасасуға ерекше назар аударылады. Бұл келешекте еңбекшілерге қазақстандық заңнамада көзделген зейнеткерлік жасқа жеткен кезде өздері қалыптастырған зейнетақы жинақтары есебінен БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығын қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, Қор еңбек мигранттары жұмылдырылған жұмыс беруші компаниялармен жасалатын жұмысқа үлкен көңіл бөледі. Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында Қор мамандары аудит, салық салу және республиканың жетекші компанияларына кеңес беру саласында халықаралық көшбасшы болып табылатын «Эрнст энд Янг Қазақстан» компаниясының өтініші бойынша онлайн-форматта семинар-тренинг өткізді. Онлайн-семинар-тренинг нәтижесінде «Эрнст энд Янг Қазақстан» компаниясының 170 қатысушы-қызметкері қазақстандық зейнетақымен қамсыздандыру жүйесіндегі соңғы өзгерістер және Қазақстанда еңбек ететін ЕАЭО-ға мүше елдер азаматтарының табыстарынан міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу және аудару ерекшеліктері туралы түсінік алды.

Мысалы, БЖЗҚ мамандары «фрилансерлер» - ЕАЭО-ға мүше елдердің «қашықтан» жұмыс істейтін азаматтары үшін еңбек шарты не азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт шеңберінде, оның ішінде қашықтан жұмыс істейтін осындай жұмыскерді тартқан жұмыс беруші жарналарды ай сайын төлеуге міндетті екенін түсіндірді. БЖЗҚ-ға аударылатын міндетті зейнетақы жарналарының мөлшері еңбеккердің ай сайынғы табысының 10% құрайды, бірақ ең төменгі жалақының 50 еселенген мөлшерінен аспайды.

Семинарға қатысушылар қайтыс болған салымшы - ЕАЭО-ға мүше елдер азаматының Қазақстанда жұмыс істеген кезеңінде қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының қажетті құжаттарды ұсынған кезде мұраға қалдырылуы мүмкін екенін білді.

Сондай-ақ, ЕАЭО елдерінің жұмыскер-азаматтарына зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығының туындау мерзімі бөлігінде түсініктемелер берілді. Мәселен, Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасының нормаларына сәйкес, ЕАЭО елдерінің азаматтары үшін бұл құқық жалпыға бірдей белгіленген

зейнеткерлік жас басталған кезде (ерлер – 63 жас, әйелдер – 2021 жылы 60 жас, әйелдердің зейнеткерлік жасы жыл сайын жарты жылға, 2027 жылы 63 жасқа толғанға дейін ұлғая береді), сондай-ақ, егер мерзімсіз уақытқа болса, 1 және 2-топтардағы мүгедектік белгіленген кезде туындайды. Мұндай іс-шаралар кадрлармен жұмыс істейтін мамандардың ғана емес, бүкіл ел халқының қаржылық сауаттылығын арттырып, еңбек сіңірген демалыста лайықты өмірді жоспарлауға көмектеседі.

Салымшыларға ыңғайлы және Келісім аясында зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері туралы толық ақпарат алу үшін БЖЗҚ сайтындағы «Қызметтер» - Зейнетақы қызметтерін тұтынушыларға арналған ақпарат бөлімінде шағын бөлім ашылды: - Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру.

Зейнетақы жарналары бойынша шоттарға аударылады

2021 жылдың 1 мамырынан бастап Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының (ҚДКБҚ) талап етілмеген кепілді өтем сомаларын ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есепке алынатын жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) есепке алу үшін БЖЗҚ-ға аудару тәртібін белгілейтін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормалары қолданысқа енгізіледі.

Егер депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болған және барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиядан айырылған депозит салымшысы кепілдік берілген өтемді төлеу басталған күннен бастап бір жыл ішінде ҚДКБҚ-ға жүгінбесе, онда ҚДКБҚ кепілді өтемнің талап етілмеген сомасын ЕЗЖ есепке алынатын ЖЗШ-ға есепке жатқызу үшін БЖЗҚ-ға аударады.

Бұл 2021 жылғы 1 мамырдан кейін басталған жаңа сақтандыру жағдайларына (банкті лицензиядан айыру) қатысты, сондай-ақ банктердің төлемдер жүргізіліп жатқан салымшыларына қолданылады – олар үшін кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімі 2022 жылғы 1 мамырға дейін ұзартылады.

Бұдан басқа, ағымдағы жылдың 1 мамырынан бастап ЕЗЖ есепке алынатын ЖЗШ-ны автоматты түрде (өтініш бермей) ашу үшін БЖЗҚ-ға алғаш рет түскен:

- салымшы-жеке тұлғадан өз табысы есебінен өз пайдасына немесе салымшыдан (жеке/заңды тұлғадан) алушының пайдасына ерікті зейнетақы жарнасы;
- ҚДКБҚ-дан кепілді өтемнің талап етілмеген сомасы негіз болып табылады.

Бұл ретте пайдасына төлемдер жүргізілетін жеке тұлғаны сәйкестендіру төлем тапсырысының электрондық форматында көрсетілген дербес деректер (ТАӘ, ЖСН, туған күні) бойынша жүзеге асырылатын болады, ал барлық қажетті мәліметтер: жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын қолданыстағы құжаттың деректемелері туралы, тұрақты тұратын жері туралы, өзге де мәліметтерді БЖЗҚ мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелерінен алатын болады.

Егер азаматтың БЖЗҚ-да ЕЗЖ есепке алынатын ЖЗШ-сы бұрыннан ашылған болса, онда кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы осы шотқа есептелетін болады.

ЖЗШ-ға есептелген кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомалары ЕЗЖ-ның басқа сомалары сияқты тәртіпте инвестицияланатынын атап өткен жөн.

БЖЗҚ-да ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары бар адамдар оларды 50 жасқа толған кезде, мүгедектік туындаған кезде, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, кету ниетін немесе дерегін растайтын құжаттарды ұсынған шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар ретінде тұрақты тұруға кеткен кезде алуға құқылы.

Жоғарыда көрсетілген жағдайлар басталғанға дейін талап етілмеген соманы қайтару үшін салымшы «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Заңға сәйкес ҚДКБҚ-ға өтініш жасай алады. ҚДКБҚ өз кезегінде БЖЗҚ-ға хабарлама жібереді және қайтару жүргізіледі. Бұл ретте, егер БЖЗҚ салымшысының ЕЗЖ бойынша шоты автоматты түрде ашылып, ҚДКБҚ-ға қайтарылғаннан кейін қаражат қалмаса, онда ол бір айдан кейін автоматты түрде жабылады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

ӨЗ-ӨЗІҢІЗДІ ЕМДЕҢІЗ

Адамның бүкіл ағзасы бір-бірімен тығыз байланыста екені белгілі. Осыны кейбір ауырулардан емделуге пайдалануға әбден болады деп жазады.

«Шылдыр шүмектің» шипасы

Суықтан ауыра қалсаңыз, ортаңғы саусақ пен «шылдыр шүмектің» алақан беттегі басталар тұсынан қатты басқанда ауыратын нүктені тауып, оны бас бармақпен уқалаңыз. Сағат тілі бағытымен және оған қарама-қарсы бағытта, 2 минут бойы айналдыра уқалаңыз. Бұл әсіресе синусит салдарынан бас, көз және мұрын аумағы ауырғанда жақсы жәрдемдеседі.

Мұрын бітелсе

Мұрын бітеліп, мазаны алса, онда барлық саусақтарыңыздың ұшын бірнеше секунд бойы қатты қысыңыз, сосын оны бірден босатыңыз. Осылай бес-алты мәрте қайталасаңыз, проблемадан құтыласыз.

Бас бармақ белді емдейді

Егер беліңіз ауырса, оң қолдың бас бармағымен сол қолдың бас бармағын түбінен тырнақ ұшына дейін қатты басып сызып өтіңіз. Өйткені ол жұлынмен байланысты. Осылайша екі қолдың бас бармақтарына массаж жасау арқылы сіз омыртқаны ұстап тұрған бұлшық еттерді босаңсытып, ондағы ширығуды баса аласыз. Осы массаж кезінде құрсақ өрімінің (солнечное сплетение) нүктесін тауып, оны жайлап сипаласаңыз, ол арқадағы ғана емес, бүкіл денедегі ширығуды басады.

Кейінгі екі саусақ көмектеседі

Егер қандай да бір себеппен иық ауырып мазаласа, онда «шылдыр шүмек» пен шынашақтың алақан бетіндегі ауырсыну нүктесін тауып, оған массаж жасаңыз. Екі қолдағы нүктені бос бармақпен кезек-кезек 1 минуттан уқалау керек. Егер оның себебі үстелдің жайсыздығынан болса, онда үстелде нық отыру керек. Бұл белдің ұманы (поясница) дұрыс ұстауы үшін қажет.

Стресті бармақпен басады

Адам қобалжығанда қолымен бірдеңелерді ұстайтыны, кейде алақанын ысқылайтыны белгілі. Бұл – табиғи реакция, ол адамды тыныштанырады. Стресстен арылу үшін алақанға массаж жасау керек. Алақан ортасындағы құрсақ өрімі нүктесін бас бармақпен екі-үш минут уқаласа, көмектеседі.

Бас ауруын басады

Бас ауырған кезде бас бармақтың ең сезімтал нүктесін тауып, оны екінші қолдың бас бармағымен уқалау керек. Сосын оны екінші қолға да жасайды. Бас ауруы бірден басылуы тиіс. Егер басыла қоймаса, оның себебі сымбаттың дұрыс емес тігінде, белдегі ширығуда болуы мүмкін. Жалпы, бас жиі ауыра берсе, дәрігерге көрініп, тексерілген абзал.

Ас қорытуға көмектеседі

Егер ас қорытылмай, мазаны алса, онда бас бармақ түбінен шынашаққа қарайғы бағытта 2 минут бойы массаж жасаңыз. Екінші қолға да осылай етіңіз. Табандағы сондай нүктені уқаласа да болады. Ол үшін теннис шаригін табан ортасымен басып, әрі-бері қозғау керек. Ол ішек жұмысын жақсартады.

..Қысқасы, алақан мен саусақта ішкі ағза мүшелерімен, жұлынмен байланысты нүктелер көп. Соларды тауып, емделуге пайдалануға болады.

АСТАРЛЫ ӘҢГІМЕ

Қызметші мен қожайын

Баяғыда бір ауқатты кісі кедей адамды өзіне қызметші етіп алыпты. Қызметшісі сондай сымбатты, ал оны қызметке алған адам сұрықсыздау екен. Бірі әмір беріп, екіншісі оның бұйрықтарын орындап, қызмет етумен күндер өтіп жатыпты. Күндердің күнінде аптап ыстық пен аштықтан сол өңірде көптеген адам көз жұмыпты. Сонда кедей қызметші «Қожайыным екеуімізді танитындар жоқтың қасы, бәрі жұтта өліп кетті. Менің сымбатты көркім нағыз қожайын болуға лайық қой. Ал мына сұрықсыз ендігі уақытта маған қызмет етсін» деген оймен ауқатты адамға:

— Ей, қызметші, мен саған қожайынмын, – депті.

Осылайша екеуі сөз таластырып, айтыса бастапты. Олардың бұл тартысы бір әділ адамның құлағына жетіпті. Әлгі адам кімнің қожайын, ал кімнің қарапайым қызметші екенін білу үшін екеуін биік мұнараға кіргізіп, оның терезесінен қолдарын созып сыртқа шығаруын өтініпті. Ал екеуі оның айтқанын істеген екен. Сол кезде жерде тұрған данышпан адам жоғарыдағы баскесерге:

— Ал, енді жақсылап қара да, кімнің қолы қызметшінікі деп ойласаң, соны шауып таста! – деп айғайлапты. Мұны естіген қызметші қолын дереу тартып алған екен. Осылайша жұрт кімнің қожайын, ал кімнің қызметші екенін біліпті.

Өлеңімен өшірген екен

Сырбай Мәуленов шығармашылық сапармен бірде Жамбыл облысын аралайды. Ол жақтағы жергілікті бір жас ақын Сырағаңды қолтығынан жетелеп, үйіне қонаққа апарады. Жас ақынның аздап кеудесінің желі бар ма, айтар сөзін ұйқаспен, өлеңмен айтуға тырысады екен. Сырағаңды төріне жайғастырған бойы, өзі де тізе түйістіріп отыра қалып:

Сыраға, отырайық өлеңдетіп,

Әр жолын өлең сөздің көлемді етіп, – деп сөз тастайды. Сонда Сырағаң:

Өлеңді жеңіл-желпі айта салып,

Бағасын не қыламыз төмендетіп, – деп іле жауап береді. Әлгі жас ақын Сырағаңның осы сөзінен соң өлеңмен сөйлегенді сап қойыпты.

Материалдар qazaqadebieti.kz сайтынан алынды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР Экологиялық Кодексінің 57-2-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес 2021 жылдың **13 шілдесінде сағат 10-00-де** Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Ават ауылдық округі, Ават ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 88 мекенжайы бойынша «Ават ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында «Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының Ават ауылында қызметтік тұрғын үймен біріктірілген учаскелік полиция пунктін (УПП) салу (1-3 учаскелік инспекторларға арналған, тип-1) (түзету)» жұмыс жобасына әзірленген «Қоршаған ортаға әсерді бағалау» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық тыңдау өткізіледі.

Жоба материалдарына тапсырыс беруші: «Еңбекшіқазақ ауданының құрылыс бөлімі» ММ, бас жобалаушы «АРС ЛТД» ЖШС.

Жергілікті атқарушы органның жауапты тұлғасы: «Ават ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ - Мадьяров Т.С.

Сараптама жүргізетін орган: «Ведомстводан тыс кешенді сараптама».

ҚР ЭК 57-2-бабының 3-тармағына сәйкес жобалау құжаттамасымен Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Біржан Сал көшесі, 73 үй, 22-пәтер мекенжайы бойынша танысуға болады. Байланыс телефондары: 8 (7282) 41-10-15.

Жоғарыда аталған жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстарды келесі электрондық мекен-жайға жіберуге болады: ars_ltd@mail.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

В соответствии с подпунктом 2) п. 1 статьи 57-2 Экологического Кодекса РК **13 июля 2021 года в 10-00 часов** по адресу: Алматинская область, Енбекшиказахский район, Аватский с/о., с.Ават, ул.Тауелсыздык 88, в здании ГУ «Аппарат акима Аватского селького округа» состоятся общественные слушания по проекту «Оценка воздействия на окружающую среду» разработанного для рабочего проекта «Строительство участкового пункта полиции (УПП) совмещенного со служебным жильем в с.Ават Енбекшиказахского района Алматинской области (тип-1 на 1-3 участковых инспекторов) (корректировка)».

Заказчик материалов проекта ГУ «Отдел строительства Енбекшиказахского района», генеральный проектировщик ТОО «АРС ЛТД».

Ответственное лицо местного исполнительного органа: ГУ «Аппарат акима Аватского сельского округа» - Мадьяров Т.С.

Орган который будет проводить экспертизу: Комплексная вневедомственная экспертиза.

В соответствии с п. 3 статьи 57-2 ЭК РК с проектной документацией можно ознакомиться по адресу: Алматинская область, г.Талдыкорган, ул.Биржан Сал 73, кв.22.

Контактные телефоны: 8 (7282) 41-10-15.

Замечания и предложения по вышеназванному проекту можно направлять на следующий электронный адрес: ars_ltd@mail.ru.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Карина ПФАЙФЕР – тілші
Ардагүл ӘСКЕРБЕК – тілші

Кезекші редактор: А. ӘСКЕРБЕК

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554
Тапсырыс № 574
Индекс 15534